

ЕСЕПТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ:

1-БАҒЫТ: БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

.....

2 БАҒЫТ: ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ.....

3-БАҒЫТ: БІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БОЛУЫ

4-БАҒЫТ: ҚОЛЖЕТІМДІ БІЛІМ БЕРУ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

5 БАҒЫТ: БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.....

ҚОСЫМШАЛАР

**Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданы білім бөлімінің
«№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы
қорытындысы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 27 маусымдағы №183 бұйрығымен өзгертілген), Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылғы «09» қарашадағы бекітілген «2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» №818 бұйрығымен бекітілген тізбесі негізінде, 2024 жылдың сәуір айының 1-і мен сәуір айының 15-і күндері аралығында Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданы білім бөлімінің «№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзін-өзі бағалау жүргізді.

Өзін-өзі бағалау мектептің 2024 жылғы 29 наурыз күнгі №65 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

№	Комиссия құрамының Т.А.Ә.	Қызмет атқаратын білім беру ұйымының атауы	Қызметі
1	Камбарова Акмарал Рахманбердиевна	«№31Ш.Уәлиханов ЖББМ» КММ	Мектеп директоры, комиссия төрайымы
2	Дюсенова Айзада Утеповна	«№31Ш.Уәлиханов ЖББМ» КММ	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, төрайым орынбасары
3	Сакибекова Малика Коньсовна	«№31Ш.Уәлиханов ЖББМ» КММ	Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
4	Усенов Кайрат Сугирбаевич	«№31Ш.Уәлиханов ЖББМ» КММ	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
5	Есжанова Райхан Рапилбековна	«№31Ш.Уәлиханов ЖББМ» КММ	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
6	Жамалова Гулчехра Амирбековна	«№31Ш.Уәлиханов ЖББМ» КММ	Педагог-психолог, комиссия мүшесі
7	Карабаева Гулжаухар Юлдашевна	«№31Ш.Уәлиханов ЖББМ» КММ	Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары м.у.а, комиссия мүшесі
8	Бимурзаева Гулия Сейтжаббаровна	«№31Ш.Уәлиханов ЖББМ» КММ	Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы, комиссия мүшесі
9	Парманова Жанар Сансызбаевна	«№31Ш.Уәлиханов ЖББМ» КММ	Физика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі

Комиссия мен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезіндегі негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік

жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді. Комиссия өзін-өзі бағалау материалын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдармен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстыра отырып, Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің «№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштерін бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді, атап айтқанда, өткен екі оқу жылы (2021-2022, 2022-2023) және ағымдағы оқу жылының (2023-2024) I жартыжылдығы (бұдан әрі – бағаланатын кезең).

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау.

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

Мекеменің толық атауы: Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің "№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мектеп)

Білім беру ұйымының орналасқан жері: Индекс 160927, Түркістан облысы, Келес ауданы, Жүзімдік ауылы, Ш. Уәлиханов көшесі 86 құрылыс

Занды тұлғаның байланыс деректері: 7-51-72, 87011476004.
электронды почтасы: Rakhmanberdi.ak.maral@mail.ru,
сайт: <https://ualikhanov.keles.edugov.kz/>

Занды тұлға өкілінің байланыс деректері: Камбарова Акмарал Рахманбердиевна, Келес ауданының білім бөлім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің 04.12.2019 жылғы №53 ж/қ, Келес ауданы білім бөлімінің 30.11.2023 жылғы №628 ж/қ бұйрығымен Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің "№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры болып тағайындалуына байланысты барлық қаржылық және басқада құжаттарға бірінші қол қою құқығымен директор лауазымына бекітілген.

Білімі жоғары, біліктілік санаты педагог-зерттеуші. Педагогикалық еңбек өтілі 10 жыл, директор лауазымында еңбек өтілі 4 жыл, 4 ай.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: **Занды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеуі:** Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Түркістан облысының Әділет департаменті тарапынан 2023 жылы 12 қазанда берілген. БСН 011140003725

Кәсіпорынның қатысушысы: «Түркістан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Кәсіпорынның уәкілетті органы – Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімі болып табылады.

Білім беру ұйымының жарғысы: Түркістан облысының әкімдігінің «28» тамыз 2023 жылғы №180 қаулысымен бекітілген.

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).

Білім беруге құқық беретін мемлекеттік лицензиясы:

Түркістан облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 13.11.2023 жылғы №1855бұйрығы №KZ39LAA00035680 лицензиясы Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің "№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне берілген. Мемлекеттік лицензияға қосымша

001–бастауыш білім беру

-негізгі орта білім беру

-жалпы орта білім беру қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) берілген.

Алғашқы берілген күні: 22.10.2009 жыл.

Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы мәліметтер.

Мектеп тарихы

Мектеп 1978 жылы салынып 1979 жылы №26 Ш. Уәлиханов мектебі болып қолданысқа берілген.

2012 жылы 21-мамырда Сарыағаш ауданы әкімдігінің №286 қаулысымен Сарыағаш ауданының білім бөлімінің №86 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2018 жылы 11-желтоқсанда Келес ауданы әкімдігінің №98 қаулысына сәйкес Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі» болып өзгертілді.

2020 жылы 21 ақпан айында Түркістан облысы Келес ауданы әкімдігінің №50 қаулысына сәйкес Келес ауданының білім бөлімінің «№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2021 жылы 14-қаңтарда Түркістан облысы әкімдігінің №5 қаулысына сәйкес Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді.

2023 жылы 28 тамыз айында Түркістан облысының әкімдігінің №180 қаулысына сәйкес Келес ауданы білім бөлімінің «№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі» болып өзгертілді.

2019 жылдың желтоқсан айынан бастап кәзіргі күнге «№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Камбарова Акмарал Рахманбердиевна директорлық қызметін атқарып келуде.

1-БАҒЫТ: БІЛІМБЕРУҰЙЫМЫНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

"№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес қазақстандық білім беру мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту бойынша мақсат қойылды.

Мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттер анықталды:

1. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білімді жаңғырту.
2. Білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу.
3. Қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету.
4. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және дене бітімінің дамуын қамтамасыз ету.
5. Жан басына қаржыландыруды енгізу. Мектепті сандық инфрақұрылым мен және заманауи материалдық-техникалық базамен жабдықтау.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысы рухани-адамгершілік құндылықтарға, ұлттық және мәдени дәстүрлерге, азаматтық-патриоттық санаға, салауатты өмір салтына сәйкес жүзеге асырылады.

2-БАҒЫТ: ОҚЫТУ

2.1 Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар

Жалпы білім беретін мектепте мектепалды даярлық сыныптарында (бұдан әрі – МДС) білім беру қызметі "мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС" оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар" 2-тарауының 4-тармағына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС-ға сәйкес жүзеге асырылады.

Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар басшылыққа алынды.

«Денсаулық сақтау дағдылары» бойынша гигиеналық талаптарды орындай алады. Денешынықтыру барысында негізгі қимыл әрекеттерді өздігінен орындау, дербес қимыл белсенділігі жоғары тәрбиеленушілердің саны басым болып топтық жұмыстарда белсенділік танытады. Салауатты өмір салтын ұстану барысында негізгі қауіпсіздік қағидаттарын саналы түрде орындайды. Күн тәртібін сақтайды.

«Коммуникативтік-тілдік дағдылар» бойынша тәрбиеленушілер қоғамдық ортада тәртіп ережелерін сақтап, сөйлесу барысында қарым- қатынас жасай алады, сыни тұрғыда өз пікірлерін жеткізетін және сөйлеу мәдениетін сақтап, сөздік қорларындағы сөздерді синонимдік, антонимдік алмастыруларды қолданады. Грамматикалық дұрыс сөйлеуге талпынады. Басым көпшілігі дұрыс мәдени сөйлей алады. Оқиғаларды құрастыру, кейіпкерлердің бейнелеу және олардың жағымды жағымсыз әрекеті туралы өз ойларын жеткізуі, ұйқас құрастыру мен кітаптарға қызығушылықтары,

кейбір тәрбиеленушілерде кітапты оқи алатын дағдылары қалыптасқан. Сызу, сызба жолмен жазу, әріптерді жазу үлгісін меңгерген.

«Танымдық дағдылар» тәрбиеленушілердің заттың қасиеттерін бағдарлау барысында танып, түсінеді. Заттарды айырып қолданысын біледі. Қоршаған ортаны тану барысында олардың айырмашылықтарымен ұқсастықтарын, қажеттілігін, олардың мәніне қарай топтастыру, құрастыру барысында түрлі суреттермен құрастыру жұмыстарын меңгерген, танымдық қызығушылықтары жоғары. қарапайым грамматикалық фигураларды атай алады, сызу, суреттеу олардың басқа, кері және алға санауды меңгерген. Экологиялық мәдениеті түсіну барысында өсімдіктерге күтім жасау және табиғат бұрыштарына көіек беру мен күтуді игерген. Қарапайым заттарға эксперимент жасауды біледі. Алынға жаңа ақпараттармен бөлесе алады.

«Шығармашылық дағдылар» халықтық аспаптарға қызығушылықтары бар, билеу мен ән орындауға талпынатын, орындай алады, бейненің сипатын келтіре алатын, кейіпкерлерді ойнауда ұнататын, сәндік пен әсемдікке қызығатын оларды жасау мен жинақылық, тазалықты мән береді.

«Әлеуметтік дағдылар» қажетті жағдайда көмек сұрау, қол ұзын созып көмек бергенге алғыс айтуды біледі. Ересектер мен құрдастары қатар еңбек етуге, ортақ мақсатта жұмыс жасап, нәтижесін талдауға бейімделген. Отанын сүйіп құрметтеу, туған жерін қадірлеуді біледі.

Үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерінің сақталуын белгілеу мақсатында тәрбиеленушілер контингентінің тізімдері тексерілді және ҰББДҚ -нан алынған мәліметтермен салыстырылып, сәйкестігі анықталды. Мектепте метепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерінің сақталғаны анықталды.

3) Оқу әдістемелік жұмыс

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. (Мектептің әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметін бөлудің көшірмелері ұсынылды). Оған дәлел:

2.1 Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар

2021 жылғы қыркүйек айындағы жай-күйі бойынша мектепалды даярлық сыныптарында білім алушылар контингенті 2 параллель сыныптарда 32 баланы құрады. Оның ішінде – 20білім алушы МАД "А" сыныбында, 16 білім алушы МАД "Б" сыныбында 16 бірінші және екінші ауысымда барлығы 32 бала оқыды.

2021-2022 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 бұйрық) ; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрық);

ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары 1 - қосымша;

ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, ҚРБҒМ 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығының және 12.05.2020 жылдың №195 бұйрығының 1- қосымшасына сүйене отырып, әр сыныптың оқу жоспары дайындалды.

Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2017 жылы 17-тамыздағы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдары және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып мектепалды даярлық сыныптардың оқу жоспары жасалынды.

2021-2022 оқу жылында үш мектепалды даярлық сыныптар қалыптастырылды. "Денсаулық" білім беру саласы бойынша жылдық оқу жүктемесінің көлемі 99 сағатты (аптасына – 3 сағат), " Қатынас " - 165 сағатты (аптасына – 5 сағат), "Таным" – 82,5 сағатты (аптасына – 2,5 сағат), "Шығармашылық" - 165 сағатты (аптасына – 5 сағат), "Өлеумет" – 49,5 сағатты құрады (аптасына – 1,5 сағат). Инвариативтік компонент бойынша оқу жүктемесі барлығы - 561 сағатты құрады (аптасына – 17 сағат). Вариатив – 99 сағат (аптасына – 3 сағат). Барлығы – 660 (аптасына – 20 сағат).

2022-2023 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі № 394 бұйрығы 3 - қосымша;

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;

Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2021 жылы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық талаптар» қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ-76 бұйрығын басшылыққа ала отырып оқу жоспары жасалынды.

2023-2024 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі № 394 бұйрығы 3 - қосымша;

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;

Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2021 жылы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық талаптар» қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ -76 бұйрығын басшылыққа ала отырып оқу жоспары жасалынды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 25-30 минут көлемінде өткізілді. Оқу жылдарына әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі.

2) *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МТО ҰОБ) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.*

МДС-та "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына сәйкес әзірленген оқу бағдарламалары іске асырылады. Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу МДС-та «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттеріне бағытталған

МДС-та арнайы түзету ұйымдастырылған оқу қызметіне мұқтаж балалар жоқ бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінгенін растайтын құжаттардың көшірмелері, оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелері қоса беріледі);

3) *МТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру.*

Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес балаларды мектепалды даярлық (МАД) сыныптарда тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық – педагогикалық негізіне қойылатын талаптар жүйесі кіреді, осы талаптар жүйелі түрде орындалған. МАД сыныптарда бес білім беру саласын негізге ала отырып дамытушы орта ұйымдастырылған. Бала өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық – техникалық, санитарлық – гигиеналық психологиялық – педагогикалық, эстетикалық жағдайларды кешенді ұйымдастыру ескерілген. Пәндік – дамытушы ортада баланың құрдастарымен, заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс – әрекетпен тәжірибе бөлісуге жағдай жасалынған. Тәрбиеленушілерге өз қалаулары бойынша боямақ, бастыру трафареттары арқылы жұмыс жасауға жағдайлар жасалған. Дамыту модульдері: күрделі жұмбақтар, конструкторлар, әртүрлі қарапайым математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін материалдар баспа әріптері, сандар, сөздер, кестелер, үлкен кітаптары бар шрифтпен, бояулармен, сандармен және әріптермен үстел-баспа ойындары, ребустар, оқулықтар, балалар энциклопедиялары, жануарлар туралы иллюстрациялық басылымдар, өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердегі адамдардың өмірі, балалар журналдары, альбомдар, суреттер және карталар.

Сонымен қатар, импровизация үшін көптеген ыңғайлы материалдар (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, таспалар және басқалар) сабақтарда пайдалануда. Ойын барысында әртүрлі шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін қолданылады, сондай-ақ шығармашылық шешімдер қабылдауда.

Педагогтар төмендегідей мақсатты алға қоя отырып, жұмыс жасайды :

- Әрбір баланың тұрақты белсенділігін, оның бейімделу мүмкіндігін дамыту үшін оңтайлы денсаулықты жасау ортасы мен денсаулықты сақтауды нығайту .
- Өзіне және қоршаған адамдарға пайдасын тигізу үшін, мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тарту мақсатында еңбек қызметінің түрлері мен мазмұнын жандандыратын үйлесімді бағытты енгізу.
- Ата – аналардың балаларға инновациялық көзқарасын қалыптастыру, мектеп жасын дейінгі балалардың іс – әрекеті мазмұнымен түрлерін меңгеруде үйлесімді бағыт іздеу.

Оқу іс-әрекеттерінде пайдаланылатын дидактикалық және үлестірмелі материалдар жеткілікті.

Мектепте МАД сыныбында баланың логикалық дамуына мүмкіндік жасалып, ойын бұрыштарында даму ойындары қойылған.

Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған.

Мектептегі МАД сыныптардың оқу–тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік, материалдық базасы жеткілікті жабдықталған. Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Педагогтар жаңа инновациялық технологиялар арқылы балаларға білім береді.

Жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар қоса беріледі..

4) МЖМБС талаптарына және ЖББ үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы

2021-2022 оқу жылының 01.09.2021 ж №75 бұйрығымен "Бастауыш сынып оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" мамандығы бойынша жоғары білімді 3 педагог білім беру және тәрбие қызметін жүзеге асырды. Бір мұғалімнің («ПШО орталығынан 120 (жүз жиырма) сағат көлемінде арнайы бағдарламамен «Балалардың мектепалды даярлығы бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім бағдарламасы» бойынша берілген сертификаты бар.

1.Жумабаева Калия/Бастауыш сынып оқытудың педагогикасы

2.Сайымкулова Багила / Бастауыш сынып оқытудың педагогикасы

3.Тюмебекова Алма / Бастауыш сынып оқытудың педагогикасы

2022-2023 оқу жылының 01.09.2022 ж №22 және №23 бұйрығымен "Бастауыш сынып оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" мамандығы бойынша жоғары білімді 2 педагог білім беру және тәрбие қызметін жүзеге асырды. Бір мұғалімнің («ПШО орталығынан 120 (жүз жиырма) сағат көлемінде арнайы бағдарламамен «Баланы ерте дамыту бағдарлары» біліктілігін арттыру білім бағдарламасы бойынша берілген сертификаты бар. Ал екінші мұғалімнің «Бастауыш сынып пен мектепке дейінгі ұйымдарда тың инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану жолдары» тақырыбында

біліктілігін арттыру білім бағдарламасы бойынша 72 (жетпіс екі сағат) берілген сертификаты бар.

1. Калымбетова Перне /Бастауыш сынып оқытудың педагогикасы /
2. Есенбекова Перизат/Бастауыш сынып оқытудың педагогикасы/

2023-2024 оқу жылының "Бастауыш сынып оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" мамандығы бойынша жоғары білімді 1 педагог білім беру және тәрбие қызметін жүзеге асырды. Мұғалімнің («ПШО орталығынан 120 (жүз жиырма) сағат көлемінде арнайы бағдарламамен «Баланы ерте дамыту бағдарлары» біліктілігін арттыру білім бағдарламасы бойынша берілген сертификаты бар.

1.Жузеева Жанар Оналбаевна /Бастауыш сынып педагогикасы МДС-та оқу қызметін жоғары педагогикалық білімі бар 6 педагог жүргізді

№	Аты-жөні	Оқыған оқу орны	Мамандығы	Диплом нөмірі	Еңбек өтілі	Санаты	Сертификат нөмірі
1	Жумабаева Калия Жайлауовна	жоғары, Низами	Бастауыш сынып оқыту педагогикасы мен әдістемесі Балалардың мектепалды даярлығы бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 120 сағат көлемінде оқу курсын аяқтады ПШО орталығы 2021ж	№101583	37 жыл	Педагог-сарапшы	MD №0056 17
2	Сайымкулова Багила Тасовна	жоғары, ОҚМПУ	Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі «Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгерту» 2022 жыл	ЖБ 0344329	20 жыл	Педагог-сарапшы	№0526 049
3	Тюмебекова Алма Абдраймовна	жоғары, ОҚМУ	Педагогика және бастауыш оқыту мен әдістемесі«Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгерту» 2022 жыл	ЖБ №0636630	23 жыл	Педагог-сарапшы	№0524 258
4	Калымбетова Перне Охаповна	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мем лекеттік университеті	Бастауыш сынып оқыту педагогикасы мен әдістемесі «Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгерту» 2022 жыл	№0475730	29жыл	Педагог-сарапшы	№0475 730
5	Есенбекова Перизат Егемовна	жоғары,ШӘП У	050102Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі Мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 120 сағат көлемінде оқу курсын аяқтадыОрлеу, 2018	ЖБ №0110688 -Б	25жыл	Педагог-модератор	БЖ №0333 69
6	Жузеева Жанар	жоғары, ШӘПУ	050102Бастауыш оқытудың педагогикасы мен	ЖБ 0178192	9 жыл	Педагог-	БЖ №0509

			әдістемесі Мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 120 сағат көлемінде оқу курсын аяқтадыОрлеу, 2018			модератор	92
--	--	--	---	--	--	-----------	----

5) баланың ерекшеліктерін ескере отырып, жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау.

ЕБҚ бар балалар жоқ.

7) "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын оларды әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру арқылы интеграциялау жолымен іске асыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға әлеуметтік дағдыларымен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салалары мазмұнын кіріктіруді қамтамасыз етеді. Тәрбиешілер ұқсас тақырыптарды таңдау барысында аймақтық ерекшеліктерді балалардың жастарын, тәрбиешінің тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық күзиреттілік танытады. Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, таңертеңгі гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжеттік-рөлдік, қимылды және т.б.) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы жоспарлайды.

Тәрбиеленушілерді дамыту үшін ұйымдастырылған оқу қызметінде саралау әдістері, бақылау түрлері, кері байланыс, рефлексия орнату үшін, ашық-жабық сұрақтар, ойын түрлерінің әдіс-тәсілдері тиімді болады және оны жүзеге асыру мақсатында бір аптаға жоспарланған циклограмманы басшылыққа аламыз. Тәжірибенің ұтымды жақтары ең басты баланы танып дамытуға, алдына нақты мақсат қойып, ойын түрлерін қолданғанда ғана жүзеге асырылады.

2.2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) Тәрбиеленушілердің МДО ҰОЖ-да белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне сәйкестігі және қойылатын талаптарды сақтау;

МДС-тағы тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес белгіленген.

Мектепалды даярлық сыныптарындағы оқу жүктемесінің көлемі

Оқужылда ры	Сыныптар /жиынтық сыныптар	Мектеп алды даярлық сыныптары			
		Апталық оқу жүктемесінің ең көп мөлшері /ең көп апталық оқу жүктемесі	Инвариативтік оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі	Жылдық оқу жүктемесі (барлығы/ инвариативтік / вариативті)
2021/2022	0 сыныптар 5-6 жас	20/60	17/51	3/9	1920/1632/288

2022-2023	0 сыныптар 5-6 жас	20/60	20/60	-	1920/1632/288
2023-2024	0 сыныптар 5-6 жас	20/20	20/20	-	640/640/96

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесін сақтау.

Оқу жұмыс жоспарындағы сағаттар 2021-2022, 2022-2023 оқу жылындарында оқу іс-әрекеттерінің кестесінде толық көрсетілген. Оқу жылдары сыныптар /жиынтық сыныптар мектепалды даярлық сыныптары:

2021/2022 0«А», «Б», «В» сыныптар 5-6 жас 60

2022/2023 0«А», «Б» сыныптар 5-6 жас 32

2023/2024 0«А» сынып 5-6 жас 20

ОЖЖ-дағы тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің көлемі ҚБТ-ға сәйкес келеді. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында оқу апталық жүктемесінің көлемі ҰОЖ – 20 сағатқа сәйкес құрады, оның ішінде инвариативтік компонент бойынша 17 сағатқа сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылында оқу апталық жүктемесінің көлемі ҰОЖ – 20 сағатты құрады. Оның ішінде инвариативтік компонент 20 сағатқа сәйкес келді. Бір сыныптағы апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 20 сағатты құрады және оның барлығы инвариативтік компонентті құрады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минутты құрады. Сабақ кестесінде күніне төрт сабақтан артық болмайды.

10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылдауға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар.

Өзін-өзі бағалау барысында МАД білім алушыларының ата-аналары арасында "Мектепалды жастағы (бес жастан бастап) балалардың ата-аналарына арналған сауалнама" №6 қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне сауалнама жүргізілді. Ата-аналардың сауалнамасын талдау балалардың денсаулық сақтау, танымдық, коммуникативтік-тілдік, шығармашылық және әлеуметтік дағдылары толық қалыптасқанын көрсетті. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 78,6 % - ы осы бекітумен "Толығымен келіседі" және "келіседі".

Сонымен қатар ата-аналардың 21,4% (8 адам) пікірінше, олардың балаларының жаңа ақпаратты кімге қызықты болатынын түсінуде және ұсынуда проблемалары бар. Диалогтық қарым-қатынастың дамуының төмен деңгейі баланың когнитивтік мәселені шешуге тырысуымен сипатталады, ал ол әріптеске назар аудармайды, үнсіз әрекет етеді, кейде өз іс-әрекеттеріне түсініктеме береді, кейде серіктестің мәлімдемелеріне жауап береді және онымен жанжалды қатынастарға түсе алады.

Осыған байланысты педагогикалық ұжымның жұмысы келесі бағыттарға бағытталатын болады:

- балалардың коммуникативтік дағдыларының деңгейін арттыру бойынша ата-аналар дәрісханасы;

- коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру негіздері бойынша ата-аналар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары.

11. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру (МДТО ҰОЖ әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бейне материалы қоса беріледі);

2) жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау (осыөлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингісінің (қорытынды) көшірмелері қоса беріледі).

«Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың қимылдық белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту. Денсаулық сақтау технологиясын пайдалана отырып, балалардың қимылдық белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларының қызығушылығын қалыптастыру болғандықтан әр кезеңде өсу деңгейі байқалады. Оқу жылында балалардың қозғалыс қызметіндегі қызығушылықтарын спорттық-сауықтыру, белсенділіктерін қалыптастыру болғандықтан дене тәрбиесі нұсқаушысының осы бағытта атқарған жұмыстары оң нәтиже берді: Негізгі қимыл түрлерінің дағдыларын, мәдени гигиеналық дағдыларын, салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктері қалыптасты. Тәрбиеленушілер жаттығулардың орындалу ретін сақтайды. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауда дербестік танытады.

«Қатынас» білім беру саласының базалық мазмұны: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, орыс тілі ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым қатынас жасау үшін тілді игеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту болып табылады. Балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауыз екі сөйлеуін дамыту, әдеби тілде дұрыс сөйлеуді үйрету, сөз өнеріне тәрбиешілердің басты мақсаты. Балалар сөйлеу мәнерінің тәсілдерін /сөйлеу қарқыны, интонацияны/ сақтайды. Тілдегі барлық дыбыстарды анық айтады, қысқа әңгімелерді және ертегілерді мазмұндайды, заттар мен құбылыстардың белгілері мен сапасын ажыратады. Қажетті сөздермен сөз тіркестерін қолданады. Шығарма жанрларын /тақпақ, ертегі, әңгіме/ ажырата алады. Өлеңдерді эмоционалды түрде жатқа айтады.

«Таным» білім беру саласының базалық мазмұны қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, құрастыру, жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін қалыптастыру. Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту ТРИЗ, СТО технологияларының элементтерін қолдану арқылы нәтижеге жетеді. «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» құралдарын, атрибуттарын пайдалана отырып қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, өз ойы бойынша құрылыстарды жасауға, оларды мазмұн бойынша біріктіруге және олармен ойнауға ынталандырады. Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін, табиғатта өзін ұстау туралы ережелерді және қарапайым өзара байланыстар туралы білімдерін байыту, табиғатқа сүйіспеншілікпен және ұқыпты қарауға баулу. «Таным» білім саласы бойынша бала бойындағы танымдылық шындау жолдарын қарастырып, таным қызметінің дағдыларын

жақсартуда – балалардың зейінін, жадын, қабылдауын, көлемді, үлкендікті, түсті ажырата білуде ашық оқу қызметі өтіліп педагогтар арасында «Оқу процесінде жаңа технологияларды тиімді қолдану» тақырыбында семинар-практикум өткізіліп, кеңестер берілді.

Жыл соңында МАДС заттық ұғымдарды салыстыра біледі, геометриялық пішіндерді біледі, кеңістік пен уақытты бағдарлай алады, қарапайым құрылыстарды құрастыра алады. Туған өлкенің кейбір өсімдіктерін біледі, жануарлар мен олардың төлдерін өздеріне тән белгілері бойынша атайды және ажыратады. Табиғатта өзін ұстай білу ережелерін түсінеді. «Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын дамыту, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлау мен қиялдауын дамыту, көзбен қол үйлесімін дамыту, қарапайым заттарды, құбылыстарды, ертегі кейіпкерлерінің пішінін, түстерін, бөліктердің орналасуын бере отырып бейнелеу біліктері мен дағдыларды қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. Жыл соңында күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра біледі, бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салады. Қағаздың қасиеттері жайлы біледі /жыртылады, мыжылады түсінігін ұғады/. Ұқыпты жұмыс жасауға дағдыланған, тазалық шараларын қолдана алады. Дайын пішіндерден қарапайым композицияларды құрастырады.

Музыканы тыңдау дағдысын меңгерген, би қимылдарын орындайды, балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратады және атайды. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды.

«Әлеумет» білім беру саласының базалық мазмұны қоршаған ортамен танысу, экология негіздері ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады. Балаларда қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыруда оларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру арқылы, таныс заттарды ажыратуға үйрету жұмыстары жоспар бойынша жүргізіледі. Қазақстанның халық ауыз әдебиеті шығармашылығын қолдану арқылы Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті, ересектерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу жыл бойында ұйымдастырылған оқу әрекеттерінде, серуенде, режимдік сәттердің қолайлы кезеңдерінде жүргізіледі.

2.3. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1)МЖМБС және МДО үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша игеруге жататын білім, білік, дағды мен құзырет көлемін игеру (МДО ҮОЖ-ның әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бейнематериалы: "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" қоса беріледі);

МДС-тағы тәрбие және оқу процесі ҚР БҒМ "Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы", "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің МЖБС негізінде іске асырылады.

Әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі бейнематериалдарда ұсынылған.

2) жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілердің жетістіктері мониторингінің (қорытынды) болуы және нәтижелерін талдау

2021-2022 оқу жылының бірінші жартыжылдығында 3 сынып-жиынтықта (А,Б,В) 60 бала қамтылды. МДО МЖМБС анықтайтын дағдылар мен дағдылардың тізбесіне сәйкес балалардың даму деңгейі:

- «Денсаулық» білім берусаласы бойыншабалалардың 35% – ы жоғары, 48% - ы жақсы, 17% - ы рұқсат етілген.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша балалардың 38% – ы жоғары, 46% - ы жақсы, 16% - ы рұқсат етілген.

«Таным» білім беру саласы бойынша балалардың 38% - ы жоғары, 46% - ы жақсы, 16% - ы рұқсат етілген.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша балалардың 52% - ы жоғары, 34% - ы жақсы, 14% - ы рұқсат етілген.

«Әлеумет» білім беру саласы бойынша балалардың 33% - ы жоғары, 50% - ы жақсы, 17% - ы рұқсат етілген.

2021-2022 оқу жылының екінші жартыжылдығында 3 сынып-жиынтықта (А,Б,В) 60 бала қамтылды. МДО МЖМБС анықтайтын дағдылар мен дағдылардың тізбесіне сәйкес балалардың даму деңгейі:

- «Денсаулық» білім берусаласы бойыншабалалардың 25% - ы жоғары, 38% - ы жақсы, рұқсат етілген-37%.

- «Қатынас» білім беру саласы бойынша балалардың 33% - ы жоғары, 28% - ы жақсы, 39% - ы рұқсат етілген.

«Таным» білім беру саласы бойынша балалардың 34% - ы жоғары, 28% - ы жақсы, 38% - ы рұқсат етілген.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша балалардың 35% - ы жоғары, 30% - ы жақсы, 35% - ы рұқсат етілген.

«Әлеумет» білім беру саласы бойынша балалардың 33% - ы жоғары, 30% - ы жақсы, 37% - ы рұқсат етілген.

2022-2023 жылында 2 сыныпжиынтықта (А,Б) 32 бала қамтылды. МДО МЖМБС анықтайтын дағдылар мен дағдылардың тізбесіне сәйкес балалардың даму деңгейі:

- Денсаулық сақтау дағдылары бойынша балалардың 21% - ы жоғары, 42% - ы жақсы, рұқсат етілген-37%.

- Коммуникативтік - тілдік дағдылар бойынша балалардың 37% - ы жоғары, 33% - ы жақсы, 30% - ы рұқсат етілген.

- Танымдық дағдылары бойынша балалардың 36% - ы жоғары, 34% - ы жақсы, 30% - ы рұқсат етілген.

- Шығармашылық дағдылары бойынша балалардың 34% - ы жоғары, 40% - ы жақсы, 26% - ы рұқсат етілген.

- Әлеуметтік дағдылар бойынша балалардың 42% - ы жоғары, 22% - ы жақсы, 36% - ы рұқсат етілген.2023-2024 оқу жылында білім деңгейінің және білім беру салаларыныңаралық бақылау мониторингі бойынша баланың жеке даму картасы жасалды.

2023-2024 жылында 1 сынып жиынтықта (А) 21 бала қамтылды Мектепалды даярлық сыныптардың перспективалық жоспарлары бар. Өз шеберліктеріне қарай жасалған.(сілтемеге жүктелді).

Мектепалды сыныпта өз қызметін 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 мамырдағы № 499

бұйрығымен бекітілген бағдарламаға сәйкес жүргізуде және оқу жылы бойына ішкі тәртіп ережелеріне сай каникулдар белгіленді.

Білім беру ұйымдарын 2021жылдан бастап 2024 жылға дейінгі оқу жылның бірінші жарты жылдығы бойынша бағалау критерийлеріне 8-қосымша, 2021 жылдан бастап 2024жылға бірінші жарты жылдығына дейінгі оқу жылдары бойынша балалардың дамуының қорытынды мониторингі нәтижелерінің көшірмелері қоса беріледі.

2.4Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);

2) жас кезеңін сақтау және топтарды бір жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау

2021-2022 оқу жылында 60 балалар, 2022-2023 оқу жылында 32 балалар, 2023-2024 оқу жылында 20 балалар оқыды. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы 9-қосымшаға сәйкес жас топтарының көшірмелері қоса беріледі. Өлшемшарттың 9 қосымшасына сәйкес 2021-2024 жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

2) *Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДО үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімдерін сақтау.*

Мектепалды сыныпта өз қызметін 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 мамырдағы № 499 бұйрығымен бекітілген бағдарламаға сәйкес жүргізуде және оқу жылы бойына ішкі тәртіп ережелеріне сай каникулдар белгіленді.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1-қосымшасы Мектеп алды даярлық сыныптардың қызметін бағалау

р/с №	Бағалау өлшем шарттары	Өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	80 %	
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	85%	
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	

5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу	100 %	
	Әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету		
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі 0 «А» - 2	100 %	
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау		
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау		
Қорытынды балы			

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ

Жалпы білім беретін орта мектепте (1-11 – сыныптар) білім алушылар контингенті 825 білім алушыны құрайды, оның ішінде бастауыш мектепте-334 бала (16 – сынып-жиынтық), негізгі мектепте – 386 (16-сынып-жиынтық), жоғары сыныптарда-105 білім алушы (4-сынып-жиынтық).

Оқу процесі. Бірінші ауысымда 416оқушы оқиды: бастауыш мектептің 162 оқушысы, негізгі мектептің 149 баласы және жоғары сыныптың 105 оқушысы. Екінші ауысымда 409 оқушы оқиды: бастауыш мектептің 172баласы, негізгі мектептің 237 баласы.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі және болуы

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің болуы және білім беру ұйымының басшысы бекіткен МЖМБС талаптарына және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариативтік компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру

2021-2022 оқу жылында жұмыс оқу жоспары келесі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жасалды.

Бастауыш және негізгі буындардағы сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрлігінің №415 бұйрығы бойынша жүзеге асырылады.

1-4 -сыныптар ҚР Білім және ғылым министрінің 2021ж 20 тамыздағы №415 бұйрығына 1-қосымша, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012ж 8 қарашадағы №500 бұйрығы 1-қосымша ҰОЖ жоспары бойынша оқытылады.

5-9- сыныптар ҚР Білім және ғылым министрінің 2021ж 20 тамыздағы №415 бұйрығы 6-қосымша бойынша оқытылады. 10 сынып ҚР Білім және ғылым министрінің 2021ж. 20 тамыздағы №415 бұйрығы 30, 31- қосымшаға сәйкес білім алады, 11 сыныптар ҚР Білім және ғылым министрінің 2021ж. 26 наурыздағы №125 бұйрығы 21, 22- қосымшаға сәйкес білім алады

Бастауыш мектепте барлығы 16 сыныптар жиынтығы бар, оның ішінде 1 сыныпта -4, 2 сыныпта - 4, 3 сыныптарда -4,4 сыныптарда-4сынып жиынтығы.

1- сыныпта оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 22,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариативтік оқу жүктемесі 22,5 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 10 сағат, әліппе -6сағат, орыс тілі-2сағат, ағылшын тілі - 2сағатты құрады. Математика және информатика бөліміне 4,5 сағат, оның ішінде математика пәні бойынша сағат жүктемесі - 4 сағат, цифрлық сауаттылық пәніне - 0,5сағат, «Жаратылыстану» - 1 сағат, «Адам және қоғам» - 2 сағаттық жүктемеде 1сағат дүниетану, 1сағат өзін-өзі тану пәндері бойынша. «Технология және өнер» бөлімі бойынша 2 сағаттық жүктемеде 1сағат көркем еңбек пәні бойынша, 1сағат музыка пәні бойынша беріледі. «Дене шынықтыру» аптасына 3 сағатты құрады.

2-сыныпта оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 24 сағатты, оның ішінде инвариативтік оқу жүктемесі 23 сағатты құрады. «Тіл және әдебиет» бөліміне 11 сағат берілген, оның аптасына 4 сағаты қазақ тілі пәні бойынша, оқу жылында 136 сағатты қамтыса, әдебиеттік оқуға берілген аптасына 3 сағаттық жүктеме оқу жылында 102 сағатты, орыс тілі мен ағылшын тілдеріне аптасына 2 сағаттан, оқу жылында 68 сағатты қамтиды. «Математика және информатика» бөлімінде математика - 4 сағат, оқу жылында 136 сағат оқытылады. «Жаратылыстану» бөлімі бойынша жаратылыстану пәніне- 1 сағат, оқу жылында 34 сағат. «Адам және қоғам » бөлімінде 2 сағаттың 1 сағаты дүниетану пәні бойынша, оқу жылында 34 сағатты қамтыса,, 1 сағаты өзін-өзі тану пәніне берілген, оқу жылында 34 сағатты қамтиды. «Технология және өнер» бөлімі бойынша 2 сағаттық жүктемеде 1сағат көркем еңбек пәні бойынша, 1сағат музыка пәні бойынша беріліп, оқу жылында 34 сағаттан оқытылады. «Дене шынықтыру» аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрады.

3- сыныптарда оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 27 сағатты құрады, оның ішінде инвариативтік оқу жүктемесі 26 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» бөліміне 11 сағат берілген, оның аптасына 4 сағаты қазақ тілі пәні бойынша, оқу жылында 136сағатты қамтыса, әдебиеттік оқуға берілген аптасына 3 сағаттық жүктеме оқу жылында 102 сағатты, орыс тілі мен ағылшын тілдеріне аптасына 2 сағаттан, оқу жылында 68 сағаттан оқылады. «Математика және информатика» бөлімінде - 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты құрап, 5сағат математика, оқу жылында 170 сағатты, 1 сағат цифрлық сауаттылық пәніне беріліп, оқу жылында 34 сағатты құрады. «Жаратылыстану» - пәні бойынша 2 сағат беріліп, оқу жылында 68 сағатты құрады. «Адам және қоғам» бөліміне 2 сағат берілген, аптасына 1 сағаты дүниетану пәніне берілген , оқу жылында 34 сағатты, 1 сағаты өзін-өзі тану пәніне берілген, оқу

жылында 34 сағатты қамтыды. «Технология және өнер» бөлімі бойынша 2 сағаттық жүктемеде 1сағат көркем еңбек пәні бойынша, 1сағат музыка пәні бойынша беріліп, оқу жылында 34 сағаттан оқытылады. «Дене шынықтыру» аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрады.

4- сыныптарда оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 27 сағатты құрады, оның ішінде инвариативтік оқу жүктемесі 26 сағатты құрады «Тіл және әдебиет» бөліміне 11 сағат берілген, оның аптасына 4 сағаты қазақ тілі пәні бойынша, оқу жылында 136 сағатты қамтыса, әдебиеттік оқуға берілген аптасына 3 сағаттық жүктеме оқу жылында 102 сағатты, орыс тілі мен ағылшын тілдеріне аптасына 2 сағаттан, оқу жылында 68 сағаттан оқылады. «Математика және информатика» - 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты құрап, 5сағат математика, оқу жылында 170 сағатты, 1 сағат цифрлық сауаттылық пәніне беріліп, оқу жылында 34 сағатты құрады. «Жаратылыстану» - пәні бойынша 2 сағат беріліп, оқу жылында 68 сағатты құрады. «Адам және қоғам» бөліміне 2 сағат берілген, аптасына 1 сағаты дүниетану пәні, оқу жылында 34 сағатты, 1 сағаты өзін-өзі тану пәні, оқу жылында 34 сағатты қамтыды. «Технология және өнер» бөлімі бойынша 2 сағаттық жүктемеде 1сағат көркем еңбек пәні бойынша, 1сағат музыка пәні бойынша беріліп, оқу жылында 34 сағаттан оқытылады. «Дене шынықтыру» аптасына 3 сағат, оқу жылында 102сағатты құрады.

2021-2022 оқу жылында бастауыш сыныптардағы оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп апталық оқу жүктемесі	Инвариативтік оқу жүктемесі	Вариативтік оқу жүктемесі
1/4	22,5/90	22,5/90	0
2/4	24/96	23/92	1/4
3/4	27/108	26/104	1/4
4/4	27/108	26/104	1/4
Барлығы 16 сынып	100,5/250,5	97,5/390	3/12

2021-2022 оқу жылындағы бастауыш сыныптар бойынша оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/жиынтық-сынып	Инвариативтік оқу жүктемесі, сағатпен		Вариативтік оқу жүктемесі, сағатпен	
	апталық	жылдық	апталық	жылдық
1 сынып/4	22,5/90	742,5/2970	0	0
**2023/2024 оқу жылының сыныптар бойынша үлгерім мен білім сапасының
қорытындылары**

№	Сынып	Оқушы саны	Үздіктер	Екпінділер	Үлгермеушілер	Сапа %	Үлгерім %
1	1 «А»	20	-	-	-	-	-
2	1 «Б»	20	-	-	-	-	-
3	1 «В»	20	-	-	-	-	-
4	1 «Г»	17					
Барлығы	4		-	-	-	-	-
5	2 «А»	24	6	13	0	70,83%	100%
6	2 «Б»	25	4	12	0	68%	100%
7	2 «В»	25	5	13	0	76%	100%
Барлығы	3	74	15	38	0	71,62%	100%
8	3 «А»	20	5	8	0	90%	100%
9	3 «Б»	20	5	8	0	70%	100%
10	3 «В»	21	3	9	0	64%	100%
11	3 «Г»	16	4	7	0	41%	100%
Барлығы	4	77	17	32	0	64%	100%
12	4 «А»	20	6	7	0	56%	100%
13	4 «Б»	22	4	6	0	54%	100%
14	4 «В»	20	5	6	0	55%	100%
Барлығы	3	62	15	19	0	55%	100%
15	5 «А»	20	4	4	0	40%	100%
16	5 «Б»	20	2	6	0	40%	100%
17	5 «В»	22	2	9	0	50%	100%
18	5 «Г»	21	3	6	0	43%	100%
Барлығы	4	83	11	25	0	43%	100%
19	6 «А»	25	0	7	0	48%	100%
20	6 «Б»	27	4	8	0	44%	100%
21	6 «В»	27	1	10	0	41%	100%
Барлығы	3	79	5	25	0	48%	100%
22	7 «А»	23	2	10	0	52%	100%
23	7 «Б»	24	0	10	0	42%	100%
24	7 «В»	28	1	6	0	48%	100%
Барлығы	3	72	3	26	0	40%	100%
25	8 «А»	25	3	4	0	48%	100%
26	8 «Б»	27	3	8	0	41%	100%
27	8 «В»	27	1	7	0	40%	100%
Барлығы	3	79	7	19	0	43%	100%
29	9 «А»	20	1	9	0	50%	100%
30	9 «Б»	20	4	3	0	35%	100%
31	9 «В»	21	0	10	0	48%	100%
32	9 «Г»	20	0	4	0	40%	100%
Барлығы	4	81	5	26	0	42%	100%
33	10 «А»	30	4	6	0	43%	100%
34	10 «Б»	30	3	8	0	47%	100%
Барлығы	2	60	7	14	0	45%	100%
35	11 «А»	26	3	9	0	46%	100%
36	11 «Б»	22	2	11	0	59%	100%
37	11 «В»	20	3	7	0	50%	100%
Барлығы	3	68	8	27	0	52%	100%
Қорытынды	36	735	93	251	0	47%	100%

Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)

«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12-қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасына, «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру. Мақсаты: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында балалар мен жастарды тәрбиелеу. ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері: «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарының шеңберінде балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мазмұнын жаңартудың әлеуметтік маңызын өзектендіру;

Бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық даму, сананың ашықтығы аясында;

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі индикаторлары шеңберінде білім беру мен тәрбиелеуді дамытудың әлемдік үрдістерін (жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, ізгілендіру, компьютерлендіру, сандық жүйеге көшу, смарт және стем білім беру), тәрбие беру саласындағы педагогикалық ғылымның жаңашыл жетістіктерін, тәрбие берудің шетелдік және отандық қазіргі кездегі тұжырымдамаларының негізгі ережелерін, Қазақстан Республикасының орта білім берудің жаңартылған мазмұнын, тәрбиенің әдіснамалық негіздерімен қағидаттарын, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, алдыңғы қатарлы тәжірибесін есепке ала отырып тәрбиенің жаңартылған мазмұнының мақсатымен міндеттерін анықтау;

1) білім беру ұйымдарында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін тиімді енгізудің шарттарын ашып көрсету;

2) заманауи басым жалпы адамзаттық, ұлттық және этномәдени құндылықтар негізінде тұтас тәрбие процесінде білім алушылар тұлғасының және олардың отбасыларының, мектептің, мемлекеттің, балалардың азаматтық қоғамы, қоғамдық ұйымдарының бірлескен іс-әрекеттерін қамтамасыз ету;

Балалар мен жастарды тәрбиелеу мазмұнында заманауи идеялармен, сондай-ақ іс қимыл компонентін, шынайы әлеуметтік маңызды нәтижелерге негізделген балалар мен жастардың әлеуметтік бастамаларын кіріктіру жүйесін күшейту. Сынып оқушыларымен тәрбие жұмысы сапасының деңгейін көтеруде сынып жетекшісінің

жауапкершілігін арттыру. Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне оқушылардың ата-аналарын тартушараларын ұйымдастыру. Оқушылардың танымдылық әрекеттерін жетілдіру жұмыстарын жалғастыру. Күтілетін нәтижелер:Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықтыаясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін; Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілімен мемлекеттік тілге және этно мәдениетке құрметі;Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді; Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды,қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді; Білім беру ұйымдарында көп мәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын; Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды; Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығымен мәдениетінің жоғары деңгейін; Табысты әлеуметтенуді,өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды,отбасы институтының өзін-өзі дамытуымен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді,жан-жақты дамыған,рухани адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауғадайрлау, ынтымақтастыққа және мәдениет аралық қарым-қатынас қабілетті,елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – «Мәңгілік Ел» болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған. Іске асыру тетіктері: Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын,тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламаларымен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі: «Бала құқығы туралы»БҰҰ Конвенциясы; ҚазақстанРеспубликасының Конституциясы; «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚазақстанРеспубликасының Кодексі.26желтоқсан 2011жыл; «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009жылғы 4 желтоқсандағы №214-IVЗаңы; «Балаларды денсаулығымен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02шілдедегі;

№169-VIЗаңы; «Білім туралы»Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан РеспубликасыҮкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Руханижаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Қазақстан Республикасы Білім

және ғылым министрінің 2018 жылғы 1-қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Білім алушыларды тәрбиелеуде құндылыққа бағытталған тәсілді жүзеге асыру бағдарламасы. Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатқа байланысты тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері. «№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін жүзеге асыру, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясымен жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының негізгі бағыттар аясында жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басым бағыттары Бірінші бағыт–Жаңа Қазақстандық патриотизммен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу. Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру. Екінші бағыт–Рухани-танымдық тәрбие. Мақсаты: адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру. Үшінші бағыт–Ұлттық тәрбие. Мақсаты: тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, туған және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға құрмет көрсету. Төртінші бағыт–Отбасы тәрбиесі. Мақсаты: ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық –педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру. Бесінші бағыт–Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға, адамның экономикалық ой-өрісін және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру. Алтыншы бағыт–Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие. Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның тәрбиеге дайындығын дамыту, меңгеру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті ортаны құру. Жетінші бағыт–Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу. Мақсаты: әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылыққа қабілетімен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру. Сегізінші бағыт–Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру. Сыныптан тыс жұмыстармен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының көрсетілген мерейтойлық күнтізбелік бойынша аталып өтілетін мерейтойлық даталар мен мерейтойлар ескеріліп жоспарларға енді.

2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру мақсатында балалардың қатысуымен мәдени-бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылды. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шаралар жоспарлау мен ұйымдастыру кезінде 2021-2022 оқу жылында аталып өткізілетін мерейтойлық даталы күндер: А.Құнанбайұлы–175жыл; Ә.Қастеевке–115жыл; Қ.Аманжолов – 110жыл; Оқу жылы барысында іс-шаралар келесі әлеуметті жобалар бағытында ұйымдастырылды. «Рухани Жаңғыру бағдарламасы» жобасы, «Құқықтық мәдениет», «Өнегелі бір сағат», «Қамқорлық», Дәстүр мен ғұрып», «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «ЭКО start», «Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы, «Құқықтық мәдениет» жобасы, «Balabusnes». BOOKDATING G-кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса», «30 игі іс», «Адал friends», «Үнем-қоғам қуаты», «Шаңырақ», «Дәстүр мен ғұрып», «Адал ұрпақ-саналы ұрпақ», «Еңбек-елдің мұраты», жобасы аясында жұмыстар атқарылды. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер: Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 32жыл; Семей ядролық полигонының жабылуына–31жыл;Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғамқайраткері Ы.Алтынсаринніңтуғанына–181жыл; Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі,жырау,жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына–176 жыл; Қазақтың әйгілі күйші композиторы, Қазақстанның халықартаісі Дина Нұрпейісованың туғанына–161жыл; Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш жетекшісі,публицист,ғалым,аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына–156жыл; Ұлт ұстазы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 151жыл; Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына–91 жыл; Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарымен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қолжеткізетін бағыттардың бірі–құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы. Бағдарламаның шешуші идеясы-оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпы адамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау.

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар бойынша жұмыстар атқаруда: «Рухани жаңғыру», «Құқықтық сана –қауымға пана», «Адалдық алаңы», «Адал ұрпақ-саналы ұрпақ», «Құқықтық мәдениет», «Қоғамға қызмет», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Ақылды волонтерлік» жүйесі негізінде оқушыларды «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы, «Оқуға құштар» жобасы, «өнегелі бір сағат», «Отбасы –ортақ мектеп», «Менің отаным-Қазақстан», «Дәстүр мен ғұрып», «Өзін-өзі басқару күні», «Отбасы –мектеп», «Мектептегі бір күн», «Театр және балалар», «Дебат қозғалысы», «Дебат», «Қауіпсіз интернет», «Мектеп өмірінің бір күні», «ұшқыр ой алаңы», «Салауатты өмір салты» жобасы.

Жылдық жоспарға сәйкес мерекелік, атаулы даталар жылдық жоспарда көрсетілген: Білім күні; Денсаулық күні; Тілдер мерекесі; Қарттар күні;Ұстаздар мерекесі; 25 қазан Республика күні, 1-желтоқсан Дүниежүзілік ЖҚТБ/АИТВ-ге қарсыкүрес күні, 16желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні; 15ақпан-Кеңес әскерлерінің Ауғанжерінен қайтарылған күні;1наурыз-Алғыс айту күні 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні; 22наурыз-Наурыз мерекесі;7сәуір-Дүниежүзілік

Денсаулық күні; 7 мамыр-ҚР.Қарулы күштер күні; 9 мамыр- Жеңіс күні;1-маусым – «Соңғықоңырау» салтанатты жиыны. «31 Ш.Уәлиханов атындағы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұжымы тәрбие жұмысы бойынша төменгі мекемелерімен тығыз байланыста жұмыс атқаруда, бірлескен іс-шаралар өткізілуде: "Жастар ресурстық орталығы"; -"Спорттық мектептер"; "Кітапханалар", "СӨС қалыптастыру орталығы";т.б. Тәрбие жұмысының 8 тәрбие бағыты бойынша: 2021-2022,2022-2023ағымдағы оқу жылдары төменгі жұмыс түрлері арқылы іске асырылды: Сынып сағаттар, кездесулер,дөңгелек үстелдер; акциялар,байқаулар,форумдар; челленджер,сайыстар, эссежазу, әскери-патриоттық сайыстар, дебат ойындар, мұражайларға саяхат жасау т.б.

«№31 Ш.Уәлиханов атындағы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылында аудан көлемінде өткізілген тәжірибелік семинар тақырыбы: «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» «Ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту, ата-аналарды педагогикалық қолдау және өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмыстарын үйлестіру» тақырыбында өткізілетін тәжірибелік семинар өтілді.

Семинардың мақсаты: Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»,- деп ұлт зиялысы М.Жұмабаев айтып кеткендей, болашақ ұрпағымызды өз ұлтымыздың тәрбиесінде тәрбиелеуге міндеттіміз. Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі - ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне байланысты. Әрбір ұлт ұрпағымен көктеп, өркен жаяды. Ұлттық құндылықтар - тәрбиенің түп қазығы! Ұлттық құндылықтарымыз- тіліміз, дініміз, салт- дәстүріміз, тарихымыз!

Келес ауданының білім бөліміне қарасты №31 Ш.Уәлиханов атындағы білім беретін мектебі «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту, ата-аналарды педагогикалық қолдау және өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмыстарын үйлестіру» тақырыбында тәрбие саласы бойынша аудандық тәжірибелік семинар өтті. Семинар тәрбие бағдарламасының 7 бағытын қамтыды. «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», ата-аналармен коучинг, оқушылармен тәрбие сағаты, өзін-өзі басқару ұйымымен дебат, ата-аналармен тәрбие сағаты, «Толағай» отбасылық сайысы семинар бағдарламасын құрады.

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында өткізілетін аймақтық семинардың бағдарламасы

24 қаңтар 2024 жыл

Семинардың тақырыбы: «Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің маңызы мен әдіс-тәсілдері»

Семинардың мақсаты: Оқушылардың бойында азаматтық жауапкершілік пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, жасөспірімдер арасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын патриот азаматты тәрбиелеу. Мектептер арасында өзара тәжірибе алмасу және желілік қоғамдастық жұмысының тиімділігін арттыру.

№	Өткізілетін іс-шаралар	Өткізу түрі	Өтетін орны	Қатысушылар	Уақыты	Жауапты
1	Семинарға қатысушыларды	тіркеу	мектеп фойесі	семинарға қатысушылар	11:30 – 12:00	мектеп әкімшілігі

	күтіп алу және тіркеу					
2	Семинардың ашылуы	жиналыс	акт зал	семинарға қатысушылар	12:00 – 12:10	А.Камбарова, мектеп директоры
3	«Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің маңызы мен әдіс-тәсілдері»	баяндама	акт зал	семинарға қатысушылар	10:20 – 10:40	К.Усенов, директор орынбасары
4	Дебат сайысы	сайыс	акт зал	9-10 сынып оқушылары	10:40 – 11:25	Тарих пәнінің мұғалімдері
5	«Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын»	тренинг сабақ	химия кабинеті	9 «А» сынып	10:40 – 11:25	Г.Жамалова, педагог-психолог
6	«Мұражайға саяхат»	таныстыру	мұражай	семинарға қатысушылар	11:25 – 11:35	Б.Усенов, тарих пәнінің мұғалімі
7	«Тәуелсіздік – тұғырым»	тәрбие сағаты	акт зал	11 «А» сынып	11:35 – 12:20	Ж.Абылаева, 11 «А» сынып жетекшісі
8	«Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз»	тәрбие сағаты	акт зал	8 «А» сынып	12:25 – 13:10	Ж.Абдикаримова, 8 «А» сынып жетекшісі
9	«Тәуелсіз ел Қазақстан»	тәрбие сағаты	акт зал	3 «В» сынып	13:15 – 14:00	Г.Акбердиева, 3 «В» сынып жетекшісі
10	Семинарды қорытындылау	жиналыс	ІТ кабинет	семинарға қатысушылар	14:00 – 14:30	Аудандық білім бөлімінің әдіскері Д.Куатбеков

«№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Оқушылары сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым қатынасын қалыптастырып, өзіндік талдау, жинақтау, жұмыста шапшаңдық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру мақсатында мектебімізде спорттық үйірме, ақылы үйірмелер жұмыс жүргізіледі:

2021-2022 оқужылы

№	Мектепшілік үйірмелер атауы	Қатысатын оқушылар саны	Жауаптылар
1	Дзю-до	15	Р.Тастемиров
2	Тоғыз құмалақ	25	Б. Эсжанова
3	Шахматшы	15	Е.Ақментаев
4	Шебер қолдар	15	Н.Сапарова
5	Жас физик	16	Ж.Абдикаримова
6	Волейболшы	12	Е.Лесбаев
7	Футболшы	17	Б.Қарсыбаев

2022-2023 оқу жылы

№	Мектепшілік үйірмелератауы	Қатысатыноқушыларсаны	Жауаптылар
1	Тоғыз құмалақ	22	Б.Эсжанова
2	Шахматшылар	19	Е.Ақментаев
3	Дзю-до	15	Б.Бейсенов
4	Волейболшы	16	А.Бижанов
5	Шебер қолдар	17	Ұ.Жораева
6	Футболшы	15	М.Құдайбергенов
7	Жас суретші	12	А.Арапова

2023-2024 оқужылы

№	Мектепшілікүйірмелератауы	Қатысатыноқушыларсаны	Жауаптылар
1	Сурет сыры	22	А.Арапова
2	Дойбы	18	Б.Қарсыбаев
3	Футболшы	14	А.Бижанов
4	Шахматшылар	15	Е.Ақментаев
5	Волейбол	15	Б.Бейсенов
6	Тоғыз құмалақ	16	Б.Эсжанова
7	Дзю-до	19	Р.Тастемиров

2021-2022, 2022-2023 және ағымдағы оқу жылдары тәрбие жұмысына байланысты педагогикалық және директор жанындағы кеңестерде төменгі мәселелер қарастырылды: ҚР «Тіл туралы» Заңының орындалуы; Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау жұмыстарының жағдайы; құқық бұзушылықтардың алдын алу кеңесінің құрамын бекіту туралы; Жалпы құқықтық білім беру; мектеп жанындағы сауықтыру алаңының жұмысы; «Наурыз–жылбасы» мерекесін өткізу туралы; Оқушылардың сабаққа қатысу; Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шараларының жүргізілуі; Оқу – тәрбие үрдісіндегі сынып жетекшінің міндеттері туралы; Мектеп бойынша кезекшілік ұйымдастыру туралы; «1-қыркүйек Білім күнін ұйымдастыру және өткізу туралы»; Оқу жылының аяқталуына байланысты «Соңғы қоңырау» мерекесін өткізу туралы; Мектептегі салауаттылық және дене тәрбиесі бағытының жұмыс барысы. Дене шынықтыру пәнінің берілуі. Аз қамтылған жанұядан шыққан балаларға көмек беру туралы; Тәрбие, сынып сағаттарының өтілу сапасын тексеру қорытындысы. ҚР «Бала құқығын қорғау» Заңының орындалуы; «Қиын» балалармен жұмыс; «Жасыл шырша» мерекесіне дайындық жұмыстарының жүргізілу және оқушылардың қысқы демалысына әзірлік; Мектептегі үйірме жұмысы барысы; 1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу. Мақсаты: патриотпен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы,

мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлт жанды азамат қалыптастыру. Патриотты тәрбие бойынша дәстүрлі іс-шаралар жыл сайын өткізіледі: Білім күніне орай Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік нұсқаулық және Білім және ғылым министрлігінің арнайы хатының негізінде патриоттық тақырыпта жыл сайын салтанатты жиын және тәрбие сағаттар өткізіледі; 2022-2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының 26 жылдығы, Әбу Насыр әлФарабидың 1151 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 175жылдығы мерекелік даталары тақырыптарымен алғашқы қоңырау өткізілді. 2022-2023 оқу жылына «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылды және «Әліппе» алғашқы оқулығы салтанатты түрде табыс етілді. 2-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 32 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаты, ашық сабақтар өткізілді. 2022-2023 оқу жылында «Терең білім, еңбек қорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында салтанатты жиын ұйымдастырылып, тәрбие сағаттары өткізілді.

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар бойынша жұмыстар атқаруда «Еңбегі адал жас өрен», «9 айға 9 іс-шара», «Балалар кітапханасы» жобасы, «Жеткіншектің Жеті жарғысы», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Ата-аналар мектебі» жобасы, «Қызықты үзіліс» жобасы,

2023-2024 оқу жылында №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша атқарылған іс-шаралар 1 қыркүйек - Білім күніне арналған “Мектебім - мейірім мекені” атты іс-шара өтілді.

Шуақты қыркүйек айының бірінші күні барша оқушы қауым алтын ұя мектебіне қайта оралып, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндермен бірге сыңғырлаған қоңырау үнімен табысты. Аудан әкімі Жәнібек Ағыбаев, аудандық білім бөлімінің басшысы Б.Абдиев барша ұстаздарды, оқушыларды, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерді бүгінгі “Білім күнімен” құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

2023-2024 оқу жылында 1 қыркүйек – «Білім күні» мерекесіне орай салтанатты жиын «Мектебім-мейірім мекені!» тақырыбында өткізілді. Ал мектептегі алғашқы сабақ «Мектебім - мейірім мекені!» тақырыбында бекітілген тұжырымдамаға сәйкес барлық сыныптарда біріңғай сынып сағаттары форматында өткізілді.

Мектебімізде «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылған, мектепшілік ережесі бекітілген, мектепшілік жоспар жасалынған. Мақсаты: Рухани адамгершілік және азаматтық патриоттыққа тәрбиелеу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту. Оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыру. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы төмендегі бағытта секциялар арқылы жұмыс жүргізілуі қамтамасыз етіледі: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

білім;Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; Мәдени-бұқаралық,көпшілік іс-шаралар Патриоттық тәрбие бойынша атқарылған іс-шаралар: «Мемлекеттік рәміздер-еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нышандар» тәрбие сағаттары 9-10 сынып оқушылары арасында (қазақ,орыс,ағылшынтілдерінде)мектепішілік пікір сайыстар ұйымдастырылды.«Тәуелсіз Қазақстан» тәуелсіздік күніне орай апталық іс-шаралар «Мәңгілік ел» тақырыбында Суреттер байқауы;1-4сынып Қабырға газеттері байқауы; 5-8сыныптар ұлдары «Бір ел, біртағдыр, бірхалық» халықтар достығы күніне орай іс-шара.«Ерлік жыры–елдіктің ескерткіші»салтанатты жиын өткізілді. «Тәуелсіздік қорғаны–Конституция» Тәуелсіздіктің 32 жылдығына орай «Тәуелсіздік тірегім,Қазақстан жүрегім!»тақырыбында салтанатты жиын. 5-Қыркүйек - Қазақстан Республикасы халықтарының «Тілдері күні» мерекесіне орай «**Мәңгілік Ел - Мәртебелі тіл**»тақырыбы аясында онкүндік іс-шара жоспарға сай ұйымдастырылды. 5 қыркүйек қазақ әліпбиінің негізін салған ғалым **Ахмет Байтұрсынұлының 150 жыл** толған мерейтойына орай мектептің белсенді оқушылары көршілес №32 жалпы білім беретін мектебіне челлендж жолданды. Қыркүйек айының 8 күні 4-11 сынып оқушылары арасында денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін және салауатты өмір салтын сақтай білудің маңыздылығын түсіндіре отырып, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында «Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы аясында дүниежүзілік «**Денсаулық күнін**», «**Дене сергіту**» тақырыбында челледж іс-шарасы ұйымдастырылды.

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылының **бірінші кезектегі ата-аналар жиналысы** өткізілді. Күн тәртібіндегі мәселелер: 1.Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру. (Баяндамашы мектеп директоры А.Камбарова) 2 Мектеп формасы (Баяндамашы мектеп директоры А.Камбарова). 3 Жалпыға міндетті білім жайлы (Баяндамашы ДОІЖО А.Дюсенова). 4.Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы (Баяндамашы мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Айтымбетова) 5.Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және жол қозғалысы ережесі туралы (Баяндамашы ДТІЖО К.Усенов) 6.Оқушылардың оқулықпен қамтылуы (Баяндамашы кітапханашы У.Айтжанова). 7. Әртүрлі мәселелер қаралды.

Қыркүйектің 11 күні бекітілген жоспарға сәйкес, мектепте «Ақындар айтысы» іс-шарасы өткізілді. Ондағы мақсатымыз: мектептің ақындық өнері мен қабілеті бар талантты оқушылар сайысқа түсіп, өз өнерлерін көрсетіп, өздері жазған өлеңдерімен таныстыру болды.

«Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Абайлаңыз балалар!» айлық акциясының іс-жоспарына сәйкес «**Жолда жүру ережесін білесің бе?**»және «**Назар аударыңыз бағдаршам!**» атты сынып сағаттары өткізілді. 2023 жыл 16-қыркүйекте еліміздің барлық аймақтарында Дүниежүзілік Тазалық Күніжыл сайынғы экалогиялық акциясына мектеп ұжымы түгел атсалыса қатысып ұйымшылдығы мен еңбекқорлығын көрсете білді.

«Құқықтық сана қауымға пана» жоба аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес «**Оқушылардың құқықтық сауаттылық деңгейін анықтау**» мақсатында сауалнама алынды. «**Ақжүніс**» ұйымының

жоспарына сәйкес 8-11 сыныптың қыздарымен жиналыс өткізілді. Күн тәртібінде бірінші кезекте мектептің ішкі тәртіп ережесімен оқушы қыздарды таныстыру. Екінші мәселе бойынша «Тазалық тәртіп - басты талап». Үшінші мәселе Психологиялық кеңестер.

«Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес **«Құқықтық мәдениет және жастар»** тақырыбы бойынша 10 «В» сыныбында пікірсайыс өтілді. **«Ұлдар кеңесі» ұйымының** жоспарына сәйкес жиналыс өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында **«Оқымысты оқырман»** атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Абайлаңыз балалар!» акциясының ісжоспарына сәйкес жол ережесі бойынша **«Көшеде жүру ережесін білесің бе?»** тақырыбында 5 а сыныбында пікірталас өтілді. Қазақстан халқы «Тілдері күні» мерекесіне орай **«Тіл татулық тірегі»** тақырыбында 9-10 сыныптар арасында ой өрісті дамытуға, жан-жақты болуға, тіл ұшқырлығын жаттықтыруға бағыттайтын пікірсайыс дебат ойындары ұйымдастырылды. Айтулы іс-шарада жастар екі фракция болып бөлініп, жан-жақты пікір алмасып, ойларын анық жеткізе алды. Белсенділік танытып, жоғары деңгейде өнер көрсеткен жастарға мектеп әкімшілігі атынан арнайы мадақтамалар табысталды. «Ақылды волонтерлік» жүйесі негізінде оқушыларды «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы аясында **«Адамдарға қуаныш сыйла!»** қайырымдылық акциясы өтілді. «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Абайлаңыз балалар!» акциясының жоспарына сәйкес Жол ережесі бойынша сынып сағаттары өткізілді.

«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндеҚұқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес **«Сыбайлас жемқорлықпен күрес –ортақ міндет»** тақырыбында дөңгелек үстел өтілді. Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес **«Тәрбие тәртіптен басталады»** тақырыпта 9 «АБ» сыныптарында тәрбие сағаты өтілді. «Өмірдің күзі жылы болсын» 1 қазан Халықаралық Қарттар күніне арналған **«Спорт жасқа қарамайды»** тақырыбында дойбы, шахмат, волейбол спорттық ойындар ойнатылды. **«Өмірдің күзі жылы болсын»** атты 1 қазан - Халықаралық Қарттар күніне арналған іс шара жоспарына сәйкес **«Ата –әулеттің тірегі, әже ұрпақтың жүрегі»** атты мерекелік іс-шара өтілді. «Өмірдің күзі жылы болсын» атты 1 қазан Халықаралық Қарттар күніне арналған іс шара жоспарына сәйкес **«Қарттарым –асыл қазынам»** тақырыбында 8 «Б» сыныбында бейне интерактивті сабақ өтілді. 05 қазан «Мұғалімдер күніне» арналған іс-шаралық жоспары жасалып, соған байланысты тыңғылықты жұмыстар атқарылды. Мерекелік **«Ұстаз-ұлы тұлға»** атты іс-шараларды дайындап өткізуде мектептің 10 «АБ» сыныптарының жетекшілері мен оқушылары және «Мектеп парламентінің» мүшелері өте белсенділік танытты.Таңертеңнен оқушылар ұстаздарын әдемі әуенмен қарсы алып, тілектерін білдіріп, оларға қуанышты көңіл-күй сыйлады. Кейіннен мектепке ардагер ұстаздар арнайы шақыртылып **«Мұғалім болу-мәртебе»** тақырыбында әдеби-монтаждық кездесу өткізілді. Онда ұстаздардың өмір жолы мен ұстаздық қызметі жайлы баяндалып, оқушыларға тәрбиелік мәні бар әңгімелер айтылды.

Кездесуде мұғалімдер мен оқушылар ардагер ұстаздарға тілектер айтып, соңы концерттік бағдарламаға ұласты. «Ұстаздар күні» мерекесіне орай 2023 жылдың 05 қазан күні **«Дублер күні»** өтті. Жоғары сынып оқушылары бір күн мектеп мұғалімдерінің жұмысын атқарды. «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес **«Адам құқығы мен бостандығын қорғау»** тақырыпта 7 «А» сыныбында тәрбие сағаты өткізілді. «Ұстаздар күні» мерекесіне орай 2022 жылдың 05 қазан күні **«Дублер күні»** арналған іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Жоғары сынып оқушылары бір күн мектеп мұғалімдерінің жұмысын атқарды. Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында **«Ұлт ұстазы – А.Байтұрсынұлының 150 жасқа толуына** орай әдеби кеш өткізілді. 19 қазан күні оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымына **Президент** сайлауы өткізілді. Президент сайлауына мектептің 8-11 сынып оқушылары белсене қатысты. Сайлауға түскен үміткерлер арасынан 11 «В» сынып оқушысы А.Жолдасалы өз сайлауында платформасын әлеуметтік желіде жариялап, нақты ұсыныстарын білдірді. Сайлауға қатысқан көпшілік оқушылар бірауыздан 11 «В» сынып оқушысы А.Жолдасалының кандидатурасын таңдап дауыс берді. 23-қазан күні жалпыұлттық **«Қыран елім - Қазақстан!»** патриоттық акциясы аясында Мемлекеттік Гимнді жаппай орындау ұйымдастырылды. Акцияға мектептің барлық сынып оқушылары қатысты. 24-қазан **«Республика күніне»** орай **«Жас Қыран»** және **«Жас Ұлан»** біріңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау салтанатты рәсімі болып өтті. 24-қазан күні Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі - **«25 қазан Республика күніне»** байланысты ауқымды іс-шаралар өткізілді. «№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханасында **25 қазан «Республика күніне» арналған челлендж** ұйымдастырылды.

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде күзгі демалыс кезінде мектеп оқушыларының демалысын тиімді және пайдалы етіп өткізу мақсатында бірнеше іс-шаралар өткізілді. 17 қараша күні **«Алтын күз»** мерекесіне орай 8,9,10 сынып оқушылар арасында **«Күз Ханшайымы - 2023»** атты байқау ұйымдастырылып өткізілді. 24 қараша күні өзін өзі басқару мүшелері қатысуымен **«Жаңа Қазақстан - Таза табиғат»** атты экологиялық науқан өткізілді.

Жастар ауыл тұрғындарын себепсіз қоқыс тастаудан аулақ болуға түрлі химиялық жанғыш заттарды жағуға және ауа қабатына зиян келтіретін заттарды тұтынбауға шақырды.

Мұндай акцияларды қоғам үшін маңызы зор. Сондықтан мектеп әкімшілігі аталған іс-шараны жыл сайын ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

9 сынып оқушыларының қатысуымен **«Ана тілі - арың бұл»** тақырыбында Ақиқат клубының ұйымдастыруымен дебат өткізілді.

Мектептегі психологиялық қызметі бойынша **«Мектеп жүрегі – ұстаз»** атты педагог-психолоғарымыз тренинг өткізді. «№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқушылардың жол қауіпсіздігін және өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында **«Абайлаңыз, балақай!»** іс-шарасы ұйымдастырылды. Акцияны өткізу барысында балалардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектеп аумағындағы жолдарға мониторинг

жасалды. Акцияның басты мақсаты –жол –көлік жарақаттануының алдын алу және жол –көлік оқиғаларын балалардың қатысуымен болдырмау. «Қылмыссыз балалық жақ» айлығының іс-шара жоспарына сәйкес**«Аталар сөзі-ақылдың көзі»** атты іс-шара ұйымдастырылды. Онда бала тәрбиесіне жағымды әсер ету мақсатында **«Ардагерлер кеңесі», «Ата мектебі «Әже мектебі», «Әке мектебі»** мүшелерін тарта отырып оқушылармен кездесу өткізілді. Оқушыларымыз дана апа-аталарымыздың айтқан өсиет әңгімелерін қызыға тыңдап, асыл әжелеріміз қызықты мәліметтер алып, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

2022 жылдың 11 қараша күні Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипатындағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында жарияланған **«Қылмыссыз балалық шақ»** тақырыбындағы айлық іс-шарасының жоспарына сәйкес мектеп-гимназияда **«Бала қауіпсіздігі – басты назарда»** тақырыбындағы жаңа форматта ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата –аналар жиналысында **«Бір күн мектепте»** атты мұғалімдер тарапынан сахналық көрініс ұйымдастырылды. Онда назарға **«Ұл тәрбиесі», «Қыз тәрбиесі», «Жыныстық тәрбие», «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу»** барлық тақырып біріктіріліп көрсетілді. **«Түнгі қаладағы балалар»** атты рейдтік іс-шара өтілді. Онда балалар құқықтарын бұзу фактілерін анықтау, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, балалар еңбегін пайдалану, сондай ақ кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасын алдан алу іс-шара өтілді. Сауалнама нәтижесі бойынша арнайы сараптама жасалып, ата –аналарға ұсыныстар берілді. **«Заң-Оқушы-Заман»** тақырыбында тәрбие сағаттар, пікірталастар өтті. Сонымен қатар Келес ауданы АПБ мектеп инспекторымен бірге 5-11 сынып оқушыларына арнайы кездесті. Кездесу барысында қоғам әлеуетті дамыту бөлімінің айлық жоспарына сәйкес ұйымдастырылды. №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсінбеушіліктің алдын алу, тіл табысып кетуіне ықпал ету мақсатында **«Ата-аналарға хат жазу»** іс –шарасы ұйымдастырылды. Іс-шара аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің айлық іс-шара жоспарына сәйкес өтті. Ата –аналармен байланыс нығая түспек. Олардың бала болашағына деген ықпалын арттыу қашан да маңызды.

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 20-24- қараша күндері **«Біз есірткіге қарсымыз!»** тақырыбында апталық іс-шаралар өткізілді. Іс-шараның мақсаты: мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау, оларды нашақорлық, синтетикалық есірткілер мен зиянды психотроптық заттардан сақтандыру. №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі Келес аудандық білім бөлімінің басшысының тапсырмасына сәйкес **«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» Халықаралық акциясы** бойынша іс-шараның ашылуы өткізілді. Мектеп әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылған іс-шараға мектеп ұстаздары мен оқушылары толықтай тартылды.

«Біз зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» республикалық науқаны өткізілді. Науқанның мақсаты: мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықты болдырмау және оның алдын алу.

«Қылмыссыз балалық шақ» атты 1 айлық іс-шара кезінде «Девиантты мінез-құлықты, әлеуметтік аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар» арасында 2-4 сыныптар арасында **«1001 мақал»** сайысы ұйымдастырылды. Сайыс барысында танымдық процестерін дамытуға арналған жаттығулар, ойындар жүргізіліп, ерекше форматта өткізілді. Жүлделі орын алған оқушылар марапатталып, қатысқан оқушылардың барлығына сыйлықтар табысталды. Мақсаты: оқушыларды әлеуметтік қолдау және психологиялық ахуалдарын жақсарту, танымдық әрекеттерін жақсарту.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай 8-10 сынып оқушылары арасында **«Тәуелсіздік биік болсын тұғырын»** атты мектепішілік пікірсайыс өтті. **Мақсаты:** Өскелең ұрпақтың қазақстандық патриотизмі мен азаматтылығын қалыптастыру. Оқушылардың бойында жауапкершілік, туған өлке мен елдің мәселелерін талқылауға және шешуге қатыстылық сезімін тәрбиелеу.

«Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық жоспарына сәйкес «девиантты мінез-құлықты, әлеуметтік аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар 7сыныптар арасында **«Рухани бай елдің ұрпағымын»** тақырыбында авторлық шығармалар сайысы өтілді.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылының «Жас Қыран» кемел келешек кепілі аясында 2 сынып оқушыларын Республикалық бірыңғай **«Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы** қатарына оқушыларды қабылдау салтанатты жиын өтті. Жас азаматтарды еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбекқұмар, білімге құштар, өзін өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, өршіл, қайсар етіп тәрбиелеуді, дәстүрімізді, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыруды көздейтін «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық қоғамдық бірлестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында түзету-дамыту, психологиялық ағарту, **Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ**, Жеке және топтық психологиялық кеңестер мектеп психологтары ұйымдастырды. «Үнем-қоғам қуат» жобасы аясында «XXI ғасыр менеджері атты 8 «Б» сыныбында шеберлік сағаты өтілді. «Ақжүніс» қыздар клубымен бірлескен **«Әдеп пен ар-ұят-қыздың көркі»** тақырыбында 7-10 сыныптар арасында қыздар жиналысы болып өтті. Мақсаты. Қыз балаларды ұлттық тұрғыда халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қадірлеу, ұлтжанды, отансүйгіштік сезімдерге баулу, тәрбиелеу. **«Кибербуллинг»** Интернет желісін тиіді пайдалану мақсатында оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. **«Қылмыссыз балалық шақ»** тақырыбының айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша **«Ұлттық ойын –ұлт қазынасы»** ой дамыту ойындары, спорттық жарыстар ұйымдастырылды. **«Қылмыссыз балалық шақ»** тақырыбының айлық іс-шара жоспарына сәйкес **«Балалар қуанышы –ел қуанышы»** тақырыбында 4 «А», 4 «Б» сыныптарында

өнер сайысы ұйымдастырылды. «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбының айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Балалар қуанышы ел қуанышы» **«Тәуелсіз елдің бақытты отбасы»** тақырыбында жайсыз отбасыдан шыққан, балалардың ата-анасымен әлеуметтік –психологиялық тренинг өткізілді. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында оқушылардың өзін өзі басқару ұйымы «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдары мүшелерінің ұйымдастыруымен **«Болашағың өз қолыңда!»** тақырыбында слайдтар, бейнероликтер сайысы ұйымдастырылды. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Адал Ұрпақ» клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен **«Ата-анаға және ұстазға құрмет»** тақырыбында пікірталас өткізілді. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Парасат», «Дебат қозғалысы» фракцияларының ұйымдастыруымен **«Жасөспірімдердің интернеттегі мінез-құлқы және қарым-қатынасы»** тақырыбында жобат жобасы өтілді.

Қазақстан Республикасының «Тәуелсіздік күні» қарсаңында №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы бәләм беретін мектебінде оқушылардың Республикалық бірінғай **«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы** қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті. 5 сынып оқушылары «Жас Ұлан» ББЖҰ қатарына қабылданды. Мектеп әкімшілігі оқушылардың «Жас Ұлан» ұйымына қабылдануларымен құттықтап, егеменді елемездің еңселі азаматтары болуларына тілек білдірді. «Жас Ұлан» ұйымына қабылданған оқушыларға галстук тағу рәсіміне мектеп мұғалімдерімен қатар өзін өзі басқару ұйымы мектеп парламентінің президенті Ақмаржан Жолдасалімен парламент мүшелері де қатысты. «Жас Ұлан» ұйымына қабылданушылар алдағы уақытта қоғамдық, танымдық, шығармашылық қабілеттерімен мектеп жүйесіндегі тәрбиелік тәжірибені дамытуға, ат салысу міндеттелді. Оқушылар Қазақстан Республикасының патриоты болуға, ата-ананы қадірлеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, табиғатты аялауға, салауатты өмір салтын сақтауға, оқуда озат болуға АНТ қабылдады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген**«Түнгі қаладағы балалар» атты рейдтік іс-шара** барысында балалар құқықтарын бұзу фактілерін анықтау, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, балалар еңбегін пайдалану, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасын алдын алу мақсатында мектептің мобильдік топ мүшелері түнгі рейдке шықты. Рейд барысында ешқандай құқық бұзушылықтар орын алған жоқ. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында «Мектеп патрулі» жас инспекторларының

ұйымдастыруымен әлімжеттіліктің, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ТЕХ жобасы негізінде **«Өзіңнен баста!»** ашық микрофон пікір алмасу өткізілді. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының ұйымдастыруымен **«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ»** тақырыбында 7-8 сыныптар арасында флешмоб ұйымдастырылды. 16 желтоқсан –Қазақстан Республикасының «Тәуелсіздік күні» мерекесіне арналған мерекелік атмосфера қалыптастырылды. Мектеп фойесі, дәліздер, сыныптар оқушылардың өз еңбегімен, қаржылық шығындарсыз мерекелік тақырыпқа сай безендіріліп, мерекенің ашылу салтанаты ұйымдастырылды. Мақсаты: **Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 31 жылдығын атап өту.** Оқушыларға Тәуелсіз Қазақстан Республикасының өткені мен болашағы, даму тарихы туралы мағлұматтар бере отырып, келешекке сеніммен қарауға, ұлтын сүйуге, қастерлеуге үйрету. Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай **«Тәуелсіздік –тірегім»** тақырыбында оқушылар мен мұғалімдердің қатысуымен челлендж ұйымдастырылды. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» **«16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні»** мерекесіне орай оқушылардың қатысуымен арнайы флешмоб ұйымдастырылды.

Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққан әрбір саналы азаматты «Отыз бір жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекетіміздің нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырады анық. Осы тұрғыда алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді. Ой елегінен өткізетін маңызды мезет.бүгінгіфлешмоб та жастар бойында Отансүйгіштік қасиетті қалыптастырады деген үміттеміз. 9сынып оқушыларының қатысуымен **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** тақырыбында «Парасат» клубының ұйымдастыруымен дебат өткізілді.**«16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні»** мерекесіне орай мектеп кітапханасында көрмелер, тарихи сағат, танымдық кеш ұйымдастырылды.

Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету. Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге. Отанын қастарлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу.

Ел егемендігінің 32 жылдығына орай өткен іс-шара ерекше форматта өтті. Жиынға кеңестік империяның іргесін шайқалтқан қазақ жастарының толқуына қатысушылар қатысып, оқушыларға естеліктерімен бөлісті.

Тағылымды іс-шараға мектеп-гимназия директоры Табылдиева Райхан Молдабековна да қатысып кездесудің маңыздылығын атап өтті.

Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігіне ие болғанымызға биыл 31 жыл толып отыр. Осындай мерейлі шақта еліміздің гүлденіп, көркеюі жолында аянбай еңбек етіп жүрген отандастарымызды ортақ мерекемізбен құттықтаймын! Ұрпақтарымыздың ырысы ортаймасын, намысы тапталмасын деп көксеген ата-

бабаларымыздың арманы орындалған осы шақта баршаңызға бақыт, байлық, береке тілеймін. Еліміздің ертеңі жолындағы еңбегіміз жана берсін!

Мектепте **«Қылмыссыз балалық шақ»** атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Рухани танымды тәрбие» күні құқық бұзушылықтың, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін бос уақытын тиімді пайдаланып шахмат ойындары өткізілді.

Мектептегі **«Қылымыссыз балалық шақ»** атты айлық іс-шара жоспары бойынша **«Рухани танымдық тәрбие»** күні құқық бұзушылықтың, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында оқушыларға бейнелеу өнерінің қыр сырын жан-жақты үйрету. Оларды дүниетанымын, эстетикалық талғамын кеңейту. Сурет салу дағдысын, логикалық ойлау, еске түсіру, елестету қабілеттерін және шығармашылығын арттыру. Өнерді құрмет тұту, оған сүйіспеншілігін арттыру. Өнерге баулу, шығармашылыққа тәрбиелеу. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай **әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдауға бағытталған қайырымдылық іс-шаралар** іске асырылды. Мектебіміздің қамқоршылық кеңесі мен өзін-өзі басқару ұйымы қайырымдылық істерде қашан да белсенділік танытады.

«Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құқықтың алдын алу мақсатында **«Өнерлі жас»** тақырыбы бойынша оқушылар арасында қол өнер сайысы өткізілді.

Мектепте **«Қош келдің, Жаңа жыл!»** мерекесін оқушылар арасында лайықты қарсы алу мақсатында іс-шаралар жоспары жасалып бекітіліп, төмендегі кесте бойынша өткізілді.

25.12.2023 жыл сағат 10⁰⁰ден 13⁰⁰ МАД а тобы, 1а, 1б,

сағат 14⁰⁰ден 17⁰⁰ 1в, 1г сыныптары.

26.12.2023 жыл сағат 10⁰⁰ден 13⁰⁰ 3в, 3г, 3а, 3б

сағат 14⁰⁰ден 17⁰⁰ 2а, 2б, 2в, 2г сыныптары

28.12.2023 жыл сағат 10⁰⁰ден 13⁰⁰ 8-9 сыныптар

сағат 16⁰⁰ден 19⁰⁰ 10-11 сыныптар

Іс-шара барысында тез тұтанғыш, өткір, адам өміріне қауіпті өзге де заттарды тұтынуға тиым салу туралы ата-аналар мен оқушылар арасында ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілеріне міндеттелсін.

Жаңа жыл мерекесі күндері оқушылар арасында тәртіпсіздікті болдырмау және алдын алу, өрт қауіпсіздігін қадағалау, оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен пиротехникалық жарылғыш заттарды қолданбаудың бақылау мақсатында мектеп мұғалімдерінің кесте бойынша мектепішілік кезекшілігі ұйымдастырылды.

Тәрбиелік шаралар барысында мектепте **«Қыздарға әсемдік жарасады» атты қыздар жиналысы өтілді.** «Ержігіттің бойындағы қасиет» тақырыбында мектептің 8-11 сынып ұлдарының қатысуымен ұлдар кеңесінің кезекті жиналысы өтті.

Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған **Республикалық “Алтын жүрек” челенджі ұйымдастырылды.** “Дала данышпандары” Төле бидің 360

жылдығы, Қаз дауысты Қазыбек бидің 355 жылдығы және Әйтеке бидің 340 жылдығына орай №31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде **8,9,10-сыныптар арасында «Жігіт сұлтаны-2024» байқауы** болып өтті. Байқауда білімді, өнерлі, тапқыр жігіттеріміз бақ сынады. “Дәстүр мен ғұрып” жобасы аясында талапқа сай өткізілді.

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің, есірткі мен нашақорлықтың аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында **"БІЗ ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫМЫЗ"** айлық акциясының ашылуына және іс-шараларына сәйкес **"АБАЙЛАҢЫЗ БАЛАЛАР", " НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, БАЛАЛАР "** тақырыптарында түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды.

№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде шуақты көктемнің алғашқы күні мерекелік шарамен басталды. Мектептің 11 «АБВ» бітіруші сыныптарының жетекшілері мен оқушыларының ұйымдастыруымен 01-наурыз «Алғыс айту күні» мерекесіне орай таңертеңнен бастап патриоттық және ұлттық рухтағы әндер қойылып, оқушылар мектептің барлық ұстаздары мен қызметкерлеріне, оқушыларға, бір-біріне алғыс айтып, құттықтау тілектері мен лебіздерін білдірді. Әсіресе мектеп басшылары мен мектеп парламенті оқушыларының біргелікте ұйымдастырған іс-шаралары мен жасаған видеоролигі өте әсерлі болды. Сонымен қатар барлық сыныптарда «Алғыс айту күніне» байланысты сынып сағаттары мен тәрбиелік шаралар өткізіліп, оқушылар ата-аналарына, еліміздің түрлі сала өкілдері мен батыр бабаларымызға, қоғам және өнер қайраткерлеріне өз алғыстарын видеороликтер арқылы айтты. Мерекеге байланысты «Ұстазыма мың алғыс» атты тілек жазылған хаттар акциясы өткізіліп, оқушылар өздерінің сүйікті ұстаздарына тілек хаттарын жолдады.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0NMuoSAMeVH2Ek9Eaa9QWESNRZ42oq99S9ZzK5bbKSCk9d3ALGdqWxWLUrwTx3GoRl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде көктемнің алғашқы күндерімен қатар келген 8-наурыз Халықаралық Әйелдер мерекесі аясында 7-наурыз күні 8,9,10 сыныптардың оқушы қыздары арасында **«КӨКТЕМ АРУЫ - 2024»** байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты: тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, қазақ халқының мәдениетіне, өнерге, ұлттық салт-дәстүрлерімізге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02o4raJuhGMUjE1NNt2Kk73M7Uc3ZjjVhHG8E8k7WLVk4NP4JpdzpfhvdYrRwRrAiZl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

«8 - Наурыз халықаралық әйелдер күні» №31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 8- наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай мектебімізде түрлі іс -шаралар болып өтті. Мектебімізде бірінші мезгіл таң ертеңнен мектеп іргесінде барша мұғалімдерге көңілді көңіл-күй сыйлап 10"А", "Б" сыныптары мен жетекшілері Асан Мейіржан ағайымыз бен Абдукаримова Жанат апайымыздың қатысуымен ұстаздарға деген жылы лебіздері мен тілектерін білдіріп күтіп алды. Бірінші мезгіл оқушылары бастаған іс-шарамызды екінші мезгілде оқитын

6"В"сынып оқушылары жалғастырып аналарына арнап өлең жолдарын айтып, би билеп ұстаздарын күтіп алды.Мектебімізде "Әйел қыздар" мерекесіне байланысты 1-11 сынып оқушы қыздары арасында "Көктем аруы -2024" байқауы болып өтті.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0hJZiSzzPtQ84kwF8icAoeuEATMoyJrS3oZzaGQ8eTo28eeQcXRV9DjSpEtipvVWTl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

Ұлыстың Ұлы күні – «Наурыз мерекесіне» арналған **“Қош келдің, әз Наурыз”** мерекелік онкүндік іс-шаралар жоспарына сәйкес №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде он күндік іс-шаралар өткізілді.

«Көрісу күні - Амал мерекесі»

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0J8WrqXpxbr541vqEHUVKM7NV4Cz9in7z3oisAcW2oCXXLEKXz71aeRbzuQQaFneZl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

“Қош келдің әз Наурыз” мерекелік іс шара жоспарына сәйкес №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде ұйымдастыруымен **“Ұлы дала ойындары”** тақырыбында іс шара өтті.Іс шараның мақсаты:ұлттық спорт түрлерін насихаттау,қазақ спорт өнерін дамыту.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02augjYHNVsYMq2qk4FpUXwLXoYy23hAxBWLZ9fbqb7gxPY4Kx6QaJ6uDfE74ygnoDl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша «Сырласайық, сырғалым» 8 сыныптар арасында қайынсіңілі мен жеңгесі арасында сайыс ұйымдастырылды.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 78 жылдығы «Ұлы Жеңіске мәңгілік тағзым!» тақырыбында іс-шаралар өтілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0FiBRw6zZecaRXPBnSS3frytWBAXr7MmNmL74BYWdH8rMixWatoD7wYMd5znCcq5Kl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

«Өнегелі бір сағат» жобасы аясында «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» акциясы, Отбасылық тәрбие бағыты, «Отбасы-мектеп» жобасы аясында 15 мамыр – «Халықаралық отбасы күніне» орай «Отбасымен өткізген қуанышты сәттер» тақырыбында бейнетүсірілімдер байқауы өтілді. «Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие» бағыты бойынша «Халықтар достығы –бейбітшілік жаршысы» концерттік бағдарлама өтілді. «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу» бағыты «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Үш тілділік –заман талабы» тақырыбында пікірталастар өтілді.

«Бір тұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Ұлттық құндылықтар: **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру мақсатында балалардың қатысуымен мәдени–бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылды.Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шаралар жоспарлау мен ұйымдастыру кезінде 2023-2024 оқу жылында аталып өткізілетін мерейтойлық даталы күндер:1- қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары,5-қыркүйек А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар,Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері

және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл, Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл, 1 қазан - Қарттар күні, 5 қазан – Мұғалімдер күні, 25 қазан – Республика күні, Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл, Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл, Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл, Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл, 5 қараша - Ұлттық валюта күні, күзгі демалыс, 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы, Қысқы демалыс, 1 наурыз – Алғыс айту күні, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні,

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын

іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар бойынша жұмыстар атқаруда «Еңбегі адал жас өрен», «9 айға 9 іс-шара», «Балалар кітапханасы» жобасы, «Жеткіншектің Жеті жарғысы», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Ата-аналар мектебі» жобасы, «Қызықты үзіліс» жобасы,

2023-2024 оқу жылында №31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі «Біртұтастәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша атқарылған іс-шаралар 1 қыркүйек - Білім күніне арналған «Мектебім - мейірім мекені» атты іс-шара өткізілді.

Мектеп директоры Камбарова Акмарал Рахманбердиевна ұстаздар мен оқушыларға өзінің жылы лебізін білдіріп, мектеп жаңа оқу жылына жан-жақты дайын екендігін айтып өтті. Іс-шара мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндердің өлең-шумақтарымен, оқушылардың ән-жырына ұласты.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Rn21qoSpYxyKZip33TSoxoPDoZkLmYYR9CgGUE6NB7NeKa2zcBEjDUYYDAFRgAKNl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

Мектепте 5 қыркүйек – «Тілдер мерекесінің» салтанатты ашылу рәсімі болды. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәні мұғалімдері түрлі тақырыптарда іс-шаралар ұйымдастырып, мектеп ұстаздары «Тілдер мерекесімен» барша егемен халқымызды құттықтады. Оқушылар өз құттықтауларын үш тілдегі өлең шумақтарымен жеткізіп, тәрбиелік мәні бар іс-шара болды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02rk9GMxLDJVcs6VqN2w1wJfoZWeBvct9uAfxpadKt5RzMJJjJoGLfDufE4QMy9FSQl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде жоспарға сай “Абайлаңыз, балалар!” айлық аясында 1-6 оқушылары арасында “Жолда жүру ережелерін білесің бе?” тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мұндағы мақсат: Көшеде жүру ережелері бойынша қалыптасқан оқушы түйсіктерін, білімдерін пысықтап, оның өмірдегі маңызын түсіндіру.

Оқушылардың қызығушылығын тудырып, ой - өрісін, белсенділігін дамыту. Сынып оқушыларын жолдастыққа, сақтыққа тәрбиелеу болып табылады.

Біз өмірімізді, денсаулығымызды қорғаудың бірден - бір кепілі көшеде жүру ережелерін сақтау. Себебі, жолда жүру тәртібін білу әрбір бала, әрбір адам үшін маңызды деп қорыта келгенде, біздің қалаларымызда сол сияқты біз тұрғандай ауылдардың бәріне ортақ жолда жүру ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, барлық жүргіншілер мен жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек.

Айлық аясында өткізілген сынып сағаттары арқылы оқушыларымыз өздеріне керекті мағлұматтарды алды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02S96TFhDAJ6CwSAF8AjZmbTmG4WHM6YHT5JK6QSfdWN3VzLTuiJyVRzabeJUsNtX3l&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

«Тоғыз айдағы тоғыз іс-шара» аясында бірыңғай қыркүйек айында «Дене сергіту» челленджі өтті. «Сергіту сәті» челленджін өткізу әдістемелік ұсынымына сәйкес 1-4 сыныптар, 5-9 сыныптар, 10-11 сыныптарға арналған жаттығулар кешеніне сәйкес өткізілді.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, дене белсенділігін арттыру.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid01TZyV7QQpRQJSzH7ebNJKe3wqhmTn7MEGbvT8NJWvEnUAAAdXUNyohwHUZiNGqAkl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 29.09.2023 жылы Келес ауданының білім бөлімінің бекіткен жоспарына сәйкес, мектепте «Ақындар айтысы» іс-шарасы өткізілді. Сайысқа Жүзімдік ауылдық округі Мәдениет үйінің меңгерушісі Н.Иманов, домбыра үйірмесінің жетекшісі Ә.Ахметов сынды өнерпаздар мен мектеп Президенті А.Жолдасалы әділқазылық жасады. Онда мектептің ақындық өнері мен қабілеті бар талантты оқушылар сайысқа түсіп, өз өнерлерін көпшілікке паш етті. Сайыс барысында оқушылар ақындық қабілетін көрсетіп, өздері жазған өлеңдерін оқып берді. Сонымен қатар жас таланттар қазақтың қара сөзі мен мәнерлеп оқу бойынша да жаңа қырынан танылды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02N4Dbx7BzfEttYPCoANznqY67wyRq57bd5UPoWCneeCbufPnPHzAFEVLDAMv9kkPtl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде 11.09.2023 күні төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мақсатында ұйымдастырылған «Жер-2023» командалық-штабтық оқу-жаттығуына дайындық жұмыстары жүргізіліп, сейсможаттығу өткізілді. Оқу-жаттығуға мектеп директоры А.Камбарованың басшылығымен білім ұйымының ұстаздары және білім алушылары белсене қатысты. Іс-шара оқушылардың және мұғалімдердің төтенше жағдайлар орын алған кездегі шұғыл әрекет ете білу, төтенше жағдайдың алдын алу, көмектесу, үрейге бой алдырмау т.б. әрекеттерді қалыптастырып, жауапкершілікті арттыру мақсатында өткізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0HDDn2dWwZS4qH4BJ8ENhGHaoon3CmcElZtdpTkNBhp6LP7aUjYaG2SwXmeVGsEckl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

2023-2024 оқу жылының жоспарына сәйкес №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Ақжүніс» қыздар ұйымының жиналысы ай сайын өткізіліп отырды. директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Есжанова, тәлімгер Г.Мусакулова, ұйымдастырушы педагог Г.Мухамедова, мектеп медбикесі Қ.Тілеуова, «Ақжүніс» қыздар ұйымының төрайымы Ж.Абылаевалар ай сайын жиналыс тб іс-шаралар өткізісіп, қыздарға тазалық, тәртіп, қазақ қыздарына тән қасиеттер жайында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 28.09.2023 жылы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 20.02.2023 жылғы №2-3-6/1569-И хатына және 2023 жылға арналған жобалар картасының 35 тармағына сәйкес мектепте Жалпыреспубликалық «Адалдық сағаты» акциясы аясында сынып сағаттары өткізілді. Адалдық сағатының негізгі мақсаты – өскелең ұрпаққа адалдық және парасаттылық құндылықтары, сыбайлас жемқорлықтың теріс салдарлары, олардың алдын алу бойынша еліміздің жеткен жетістіктерін кеңінен түсіндіру, оқушылар бойында сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру. №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде ұлдар арасындағы тәрбие жұмысын жандандыру мақсатында,салауатты өмір салтын қалыптастыру және құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында педагогикалық кеңестің №1 қаулысына сәйкес «Ұлдар» ұйымы құрылды. «Ұлдар» ұйымының жетекшісі бекітіліп, ай сайын жиналыстар мен түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып отырды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02ALPGZGKqisjbbLUXEjNqjP6zHmXsRrJZtEZOikRjc3oDFJwk6wvxYD6yNBJWohQl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 27 қыркүйек күні мектептің жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыстың күн тәртібінде, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы және жасөспірімдерді діни экстремизм мен жат діни ағымдардан сақтандыру туралы және тағы да басқа түрлі мәселелер талқыланды. Жиналысқа мектеп басшылары мен мұғалімдері, ел ағалары, ата-аналар комитеті, ауылдың қоғамдық ұйым өкілдері мен мектептің «Әкелер кеңесі», «Аналар кеңесі» мүшелері, ауыл әкімдігі мен учаскелік полиция өкілдері қатысып, бала тәрбиесіне байланысты маңызды мәселелер туралы айтылып, өз ойларын ортаға салды. Ата-аналармен еркін пікірлесу барысында қазіргі кездегі жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылық, балалардың жат діни ағымдардың жетегінде кетуі туралы көптеген фактілер айтылды. Сонымен қатар жиналыста мектеп оқушыларының арасындағы автокөлік айдау, төбелес, әлімжеттік жасау мен қорқыту, ақша жинау, сабақтан жиі қалу мен қашып кету туралы, тағы да басқа мәселелер қозғалды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02f8XynfVDH7zrV9YVgBLUggYieF94tNS7tnM8fyUKgSRXZV1qYa5QBNyjn7dorxkAl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

Мектептің өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық

қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер» күні өткізілді. Аталған іс-шарада жүзеге асыруда мектеп оқушылары ерекше қызығушылық танытып, белсенді ат салысты. Дублер күні оқушылар сабаққа ынта-ықыласпен дайындалып түрлі тәсілдермен тәжірибелер көрсетіп, төменгі сынып оқушыларын қызықтыра білді. Шара соңын қорытындылай келе, оқушылар «Дублер күні» алған әсерлері мен ұстаздық қызметтің қиыны мен қызығы туралы өзара пікір алмасты.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid026mm1j41M5uuhxyFpLns91iPByi7URwLdhm42bBTSjMbWjKxeDb9L8f3Kph2mfPJBl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

Өзін-өзі басқару ұйымының ДЕБАТ фракциясының ұйымдастыруымен «Жаңа күн –аңа Қазақстан» тақырыбында дебат ұйымдастырылды. Дебатқа қатысушылар тақырып аясында тың пікірлер, жаңа ойларды сарапқа салды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру бойынша:

«Даналық мектебі» клубын:

«Ата өсиеті»

«Әже даналығы»

«Аға қамқорлығы»

«Жеңге кеңесі»

Ата-аналар жиналысында Мектептің ішкі тәртіп ережесінің сақталуы туралы.

Құқық бұзушылықтың, отбасындағы зорлық-зомбылық, әлімжеттіліктің, бала еңбегін қанаудың алдын алу мәселелері қаралды.

Жиналыстар барысында ата-аналарға балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға, мектеп пен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсету бағдарламасы жайлы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектептің ішкі тәртіп ережесінің сақталуы (оқушылардың сабақтан кешігуі, тазалығы, тәртібі) туралы, құқық бұзушылықтың, отбасындағы зорлық-зомбылық, әлімжеттіліктің, бала еңбегін қанаудың алдын алу мәселелері туралы айтылды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Hb4cbATsETV9ujfx93KQKF6PKPiDupgfeXPEgN6aBKAFTkm4QYSjF7oiVQ2W2PNvl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

«Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасына сәйкес, білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында, мектебімізде «Болашақ» оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымына Президенттікке 9-11 сынып оқушылары үміткер ретінде өз кандидатураларын ұсынды

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Hb4cbATsETV9ujfx93KQKF6PKPiDupgfeXPEgN6aBKAFTkm4QYSjF7oiVQ2W2PNvl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 05.10.2023 жылы «Мұғалімдер күні» кең ауқымда ұйымдастырылып өткізілді. Алдымен «Мұғалімдер күніне» арналған іс-шаралар жоспары жасалып, соған байланысты тыңғылықты жұмыстар атқарылды. Мерекелік «Ұстаз – ұлы тұлға» атты іс-шараларды дайындап өткізуде мектептің 10 «АБ» сыныптарының жетекшілері мен оқушылары және «Мектеп парламентінің» мүшелері өте белсенділік танытты. Таңертеңнен оқушылар ұстаздарын әдемі әуенмен қарсы алып, тілектерін білдіріп, оларға қуанышты көңіл-күй сыйлады. Кейіннен мектепке ардагер ұстаздар арнайы шақырылып, «Мұғалім болу – мәртебе» тақырыбында әдеби-монтаждық кездесу өткізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02DVXixNezSGUan7nrWqnnmCzc2XispJERrUv9njepRxPEXfoMoPMYEwuLwdSZtqPTl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 25 қазан –«Республика күнін» мерекелеу жөніндегі іс-шара жоспарына сәйкес «Қыран елім-Қазақстан» патриоттық акциясы аясында мектеп оқушыларының қатысуымен флешмоб ұйымдастырылды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02TWi3tCmmEp7vLBGfyZt4QUJmMn7S6zVq4NQ9CDQozHkNHBanNjkwWjWdSnqXzH6l&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 24-қазан күні Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі – «Республика күніне» байланысты ауқымды іс-шаралар өткізілді. Мектепте мерекелік іс-шараларды өткізу үшін мерекелік безендіру жұмыстары жүргізілді және оған «Республика күнінің» логотипі кеңінен пайдаланылды. Алдымен Жалпыұлттық «Қыран елім - Қазақстан!» патриоттық акциясы аясында Мемлекеттік Гимнді жаппай орындау ұйымдастырылды. Акция барысында мектептің барлық оқушылары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындап, еліміздің басты нышандарына құрмет көрсетілді. Акцияға мектептің барлық сыныптарының оқушылары түгел қатысты. «Республика күніне» байланысты барлық сыныптарда түрлі форматта тәрбиелік іс-шаралар өткізіліп, «Қыран елім – Қазақстаным!» акциясы аясында бейнероликтер жасалды. Тәрбие сағаттарында сынып жетекшілер оқушыларға Ұлттық мереке – «Республика күні» туралы, оның тарихы мен мәні туралы түсіндіріп, тәуелсіздік құндылықтары дәріптелді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid026KDnGZy1epdU7ySSDUFUjTjPKqDQeGbFGXfBTto8mCC893ghj9irLGWamXRkmwXl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

Мектеп оқушыларының күзгі демалыс күндері мен бос уақытын тиімді өткізу, әрі тұлғалық дамыту мақсатында мектепшілік күзгі каникулдың іс-шара жоспарына сәйкес «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында ата-аналар арасында «Педагог-бала –ата-ана» үштік одағы бірігіп отбасылық дәстүрлер туралы тәрбие сағаттары өткізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid037Y6dg7Xga8PKfhLpHUSHVmvxa7B2KHre5WCr6imMnZf9kRPSCPTzMuo4EDCi4gYGl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде күзгі демалыс кезінде мектеп оқушыларының демалысын тиімді және пайдалы етіп өткізу мақсатында бірнеше іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда, 10-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен ғылыми жобалар бойынша сұхбаттар жасалды. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқушылар арасында кітап оқу сайысы, «Өнегелі өмір» тақырыбында эссе жазу ұйымдастырылды, «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» атты салауатты өмір салтын қолдау бойынша акция өткізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02cDNKpjQKESCGAdczcLXdkzN2dEbqzq4LEQZajRUX5toYqaHQhupBBezeuFmwNZrRl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде волейболдан аймақтық Ұлттық мектеп лигасы өтті. жарыс жасөспірімдер арасында, атап айтсақ, 6-8, 9-11 сыныптар арасында ұйымдастырылды. Оқушылар белсенді өнер көрсетті. Осы сынды жарыстардың көптеп ұйымдастырылуы оқушылардың спортқа деген қызығушылықтарын, сүйіспеншіліктерін оятады. Физикалық белсенді болуға шыңдайды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 2023-2024 оқу жылының жоспарына сәйкес № 31 жалпы орта білім беретін мектебінде 2023 жылдың 7-қыркүйек күні «Отбасы» тақырыбында 4 сыныптар арасында сурет салу байқауы болып өтті. Байқау барысында оқушылар әр отбасындағы мейірімді көрсететін сұрақ-жауап ойындары арқылы қызықты өткізді. Отбасы тақырыбында ұйымдастырылған сурет байқауында мұғалім әр бала өз ойын отбасы мүшелеріне еркін жеткізе білуін айтып өтті.

Отбасы жайлы сурет салу байқауы барысында оқушылар отбасы мүшелеріне деген мейірімдерін айқындап көрсете білді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0GTs8VQXWqSer9YTRQdFRXvSxDVoeosSTnY4JbLTXR3gRFg4m71pfEdFx1mgTZ8Rtl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасында Халықаралық кітап сыйлау күніне орай "Кітапханаға кітап сыйла" акциясы ұйымдастырылды.

Мақсаты- мектеп кітапханасы қорын заманауи басылымдармен толықтыру. Мектеп, ата -ана, оқушымен бірлесе отырып оқушыларды рухани адамгершілікке баулу. Ақын- жазушылардың шығармаларын насихаттау, кітапханаға оқырмандарды тарту, кітап қорын молайту.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0DyGeDqcoqJDDQZBMnfGVdabs3S9HJX293UTd4P2ES568adiStUhhjeVuyfCT2Y69l&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 28.09.2023 жылы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 20.02.2023 жылғы №2-3-6/1569-И хатына және 2023 жылға арналған жобалар картасының 35 тармағына сәйкес мектепте Жалпыреспубликалық «Адалдық сағаты» акциясы аясында сынып сағаттары өткізілді. Адалдық сағатының негізгі мақсаты – өскелең ұрпаққа адалдық және парасаттылық

құндылықтары, сыбайлас жемқорлықтың теріс салдарлары, олардың алдын алу бойынша еліміздің жеткен жетістіктерін кеңінен түсіндіру, оқушылар бойында сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02ALPGZGKqisjbbLUXEjNqjP6zHmXsRrJZtEZOikRjc3oDFJwk6wvxYD6yNBjWohQl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

Мектепте дене шынықтыру пән бірлестігі Асық ату, Бес асық челленджі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Ұлттық ойындар-тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, қиялы мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Асық ойыны баланың жүйке-жүйесін қалыптастырады, ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады. Асықты нысанаға алғанда қан тамырларының жұмысы жақсарады, ал қолға ұстап иіргенде саусақ пен алақандағы жүйке жүктелері үйкеліске түсіп, миы тынығады.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02gs1QXtCmYCKnvdGVnqyp13uPKkGFyofTCu7KaT4YfCaiuyXVLvTftYWXjLqfdrKwl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде алтын күздің 17-қараша күні 8,9,10 сыныптардың оқушы қыздары арасында «КҮЗХАНШАЙЫМЫ - 2023» байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты: тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, қазақ халқының мәдениетіне, өнерге, ұлттық салт-дәстүрлерімізге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Байқауға қатысушы ару қыздар

1. Өзін-өзі таныстыру;
2. Өнерсайысы;
3. Мақал-мәтелдерсайысы;
4. Күзгі сән үлгісін көрсету шарттары бойынша бақсынасты.

Сайыстың әр кезеңі қызықты әрі тартысқа толы болды. Қазылар алқасының шешімі бойынша ерекше өнері мен қабілетімен дараланған 8 «Б» сынып оқушысы Талғат Самина Бейбітқызы сайыста топ жарып «Бас жүлдеге» ие болды. Ал сайысқа қатысқан өзге арулардың көрсеткіші төмендегіше болды: I орын - 10 Б, 9 Б, II орын - 10 А, 9 В, III орын - 9 Г, 8 В сыныптарының қыздары иеленсе, 9А, 8А сыныптарының сайыскерлері керемет өнерлерімен «Көрермендер көзайымы» номинациясыналды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02e9CWP2cS3WwEraYAFtRNXS EbrYgbo9gPz4oMN65TH96jHghWSqZKBJVU3tLxA3t1l&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 16.10.2023 жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4. тармағы, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты мен «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 4 хаттамасына сәйкес және Келес

ауданының білім бөлімінің 10.10.2023 жылғы №188 н/қ бұйрығы негізінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» ашылды.

ОРТАЛЫҚТЫҢ МАҚСАТЫ: Балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту. Тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін мектеп пен ата-аналар арасындағы тиімді өзара әрекеттестікті орнату.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Crj7YpvuKxzeg22RAKMPauV1GQGDihAeKT7iyugw2wF1WwvJhvHC62uzkqtc7fenl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылдың 24 қазан «Республика күніне» орай «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйым-ының қатарына қабылд-ау салтанатты рәсімі болып өтті.

Мақсатымыз: оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру болды. Патриоттық, отан сүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу.

«Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымының қатарына мектеп оқушыларын қабылдау салтанатты жиынға мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, 2-5 сынып жетекшілері және өзін-өзі басқару ұйымының ерікті мүшелері қатысты.

Оқушылар салтанатты түрде ант берді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid022qcscSj3tDZjAXSBdoZ1mKFX81usfVEc6bkGfHqRX5ZNfxV2vg3dfi8tyqSLTXUFl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 29-қараша мен 26-желтоқсан аралығында «Зорлық-зомбылық қақарсы 16 күн» Республикалық науқаны өткізілді.

Науқанның мақсаты: Мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықты болдырмау және оның алдын алу.

Алдымен сынып жетекшілер жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша барлық 1-11 сыныптардың оқушыларына сынып сағаттарын өткізіп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Науқан барысында ата-аналар мен сынып жетекшілерге «Отбасындағы және мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында семинар өткізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02KE5Gj2YXeLweYgGZFX5em71mYTmbzAAW7QZ9MmrPK4zHPqY1dsSwuaERTb7gswgGl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде – «Тәуелсіздік күні» болып өтті. Еліміздің жалынды жастары бастарын бәйгеге тігіп,Тәуелсіз Еліміздің жарқын істерімен жалғасын табуда. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күні сіздерге игілік пен бақыт, бақ-дәулет, ырыстілейміз. Қазақстанның тұрақтыдамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларың сәттіболсын!Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын!

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02dBcQXsT9WCZd4Y3xKDsVwnyrx4FbpUQNizoHmDW6GM4FJoPgyqXSJG5au17snW9wl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 23.05.2023 жылы Келес аудандық прокуратурасы, Келес аудандық полиция бөлімі, Келес аудандық денсаулық бөлімі мен Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің бірлескен жоспарына сәйкес «МЕЙІРІМ - ЖҮРЕКТЕН» атты айлық аясында 8 «АБВ» сыныптарының арасында «Дебат» пікір сайысы өткізілді.

Дебаттың мақсаты – өскелең ұрпаққа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау. Оқушылардың дұрыс сөйлеу мәдениеті мен саяси сауаттылығын арттырып, өзіндік жеке азаматтық көзқарасы болуға тәрбиелеу.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0AhF8hxjrdXHzn7mpe6TQKVWTnEPRd9YAmVLTEngGtAtSNJYE2H5n2Br2RgbfNFnRl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 8,9,10,11 сынып қыздары аралығында «Қызға қырық үйден тыйым» тақырыбында қыздарға кеңес өткізілді. Әжелермен кездесуді мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Есжанова ашып беріп әжелермен таныстырып өтті. Кездесуде әжелер алқасының төрайымы Байташова Фарида Әжелер тобының белсенді мүшесі Рабиға Абдіраймова әжеміз бен Райымкулова Балхия апаларымыз қыздарымызға өздерінің ақыл-кеңестерін, қазақтың қыздарына арналған ырым-тиымдарын айтып, тәрбиелі қазақ қызын сипаттап түсіндіріп берді. Әжелер мен кездесу соңында Абдіраймова Рабиға әжеміздің білімді және тәрбиелі ұрпақ әнгімесімен қорытындылады.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02Z47Y3RKPb569CetQMCicMVP4U6FvvpbCuyFSsuUh8D5AxLUPd6wNrCXKWYq4cSN1Bl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2024 жылдың 26 қаңтар күні Келес ауданының білім бөлімінің тапсырмасына орай мектептің 8-11 сынып оқушыларына директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының ұйымдастыруымен "Цифрлық кибер қауіпсіздік", "Қаржылық сауаттылық" тақырыптарында сынып жетекшілер оқушыларға мультипликациялық бағдарламалар мен бейнероликтер арқылы түсіндірме жұмыстар жүргізді. Қаржылық сауаттылық бойынша ұйымдастырушы педагог пен тәлімгер оқушылар арасында үгіт насихат жұмыстарын жүргізді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0FQ3vxE4shagfUEpWjdDtgeNW2Ca4FJfV6YKwUZkeXgDx2JKMXgoR2Fv12qQHDZHNbl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 21-қазан күні оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымына Президент сайлауы өткізілді. Президент сайлауына мектептің 8-11 сынып оқушылары белсене қатысты. Сайлауға түскен үміткерлер арасынан 11 «В» сынып оқушысы А.Жолдасалы өз

сайлау алды платформасын әлеуметтік желіде жариялап, нақты ұсыныстарын білдірді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02M8hoWL6E5kvUcA7SpVtjBzZS2Rm469BcwQww4tH6Qpzgf78PAkTynxPk3h2a7pNTl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінд сәуір айында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нұсқаулығы бойынша, мектептің «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жұмыс жоспарына сәйкес барлық 1-11 сыныптардың ата-аналарымен тәрбиелік іс-шаралар өткізілді.

Тәрбиелік шаралардың мақсаты: Балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен байланысын нығайту, отбасындағы сыйластық мәдениетін қалыптастыру. Ата-аналарға балаларға үлгі болу мен жасөспірімдермен қарым-қатынас құпияларын түсіндіру.

Мектептегі «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жұмысшы тобының үйлестіруімен сәуір айында бекітілген бағдарламаға сәйкес 1-4 сыныптардың ата-аналарымен «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер», «Балаға үлгі көрсету» тақырыптарында, 5-9 сыныптардың ата-аналарымен «Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары», «Жасөспірім мінезінің ерекшеліктері» тақырыптарында, 10-11 сыныптардың ата-аналарымен «Сүйіспеншілік—сыйластық кілті», «Махаббат татулықтың негізі» тақырыптарында ата-аналарды педагогикалық қолдау сабақтары өткізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid023JvPssmc8pyeX5Pqwkxuso3Kp7yF8pG3ZjUCr21mW7PgJCetZyppPzzpmmVytsTl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 23.01.2024 жылы Келес аудандық прокуратурасының ұйымдастыруымен жастар арасында құқық бұзушылықтың, тәуелділіктің, теріс діни ағымдардың алдын алу бойынша 8-11 сынып оқушыларына жиналыс өткізілді. Жиналысқа Келес аудандық прокуратурасының прокуроры М.Әмірайым, Келес аудандық полиция бөлімінің қызметкері М.Сарсенов, ауданның білім бөлімінің әдіскері Д.Куватбеков, аудандық мәслихаттың депутаттары Е.Молдабаев, Қ.Ешанқұлов, аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің жетекші маманы Ж.Маханбеталиева, Абай ауылының биі Н.Райымқұлов, аудандық мешіттің өкілі Б.Сыздықов және Жүзімдік ауылының имамы Ш.Омаров, Келес ауданы әкімдігінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің маманы Н.Құдайбергенов қатысты.

Жиналыстың мақсаты: Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, тәуелділіктің, теріс діни ағымдардың алдын алу және құқықтық-профилактикалық үгіт-насихат жұмысын жүргізді.

Оқушыларға түсіндіру жұмыстарын аудандық мәслихаттың депутаты Е.Молдабаев ашып, бүгінде қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу екенін айтып, көпшілікті жиналыстың мақсатымен және күн тәртібімен таныстырды. Аталған мәселе бойынша сөзге шыққан аудандық прокуратураның прокуроры

М.Әмірайым 8-11 сыныптардың оқушыларына қазіргі таңда жастар мен кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы орын алып жатқан құқық бұзушылық пен қылмыс, қыздар арасындағы ерте жүктілік фактілері, теріс діни ағымдардың алдауына түсіп жатқан жастар туралы айтты.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid036d2Am9T1hnCxrxx49pqWieN7iKQv3ALW8NM1vdp5Pdt45WJ9ggastG6wX4VKSpYjl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 24.01.2024 жылы Келес ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен, **«Біртұтас тәрбие бағдарламасын»** іске асыру мақсатында жастар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктілік пен зорлық-зомбылықтың, буллингтің, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша аймақтық семинар өткізілді. Семинарға Жүзімдік және Бірлесу ауылдық округтеріне қарасты мектептерден директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, ұйымдастырушы педагог, тәлімгер, ата-аналар комитетінің төрағалары мен ауыл билері және сынып жетекшілер қатысты.

Семинардың тақырыбы: «Мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алудағы сынып жетекшісінің рөлі»
Семинардың мақсаты: Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу және оқушыларды азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу. Мектептер арасында өзара тәжірибе алмасу және желілік қоғамдастық жұмысының тиімділігін арттыру.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02XV2ses9Z1SEgr9ey196q7Q33fGhhFv35fkqFKd4ntG5E7sLD4SksssRaMjzQCRA3l&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

Мектепте "Бесасық" және "Асық ату" ойыны ұйымдастырылып өтті.
Мақсаты: Ұлттық ойындар арқылы балалардың бойында туған жеріне, еліне деген құрметін арттыру, патриоттық сезімін ояту. "Бесасық", "Асық ату" ойыны баланың қиялын дамытатын, қанат бітіретін ғажайып ойын, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Асық ойыны баланың жүйке-жүйесін қалыптастырады, ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады. Асық тыныс тамырларының жұмысы жақсарады, ал қолға ұстап иіргенде, саусақ пен алақандағы жүйке нүктелері үйкеліске түсіп, ми тынығады. Ойын арнайы орынды талғамайды, үй ішінде, ашық алаңдарда, мектеп, аулаларында ойнай беруге болады.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02gs1QXtCmYCKnvdGVnqyp13uPKkGFyofTCu7KaT4YfCaiuyXVLvTftYWXjLqfdrKwl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясындағы өткізілген "Күзде кітап оқимыз" тақырыбындағы онкүндік іс-шарамыз жалғасуда.

Мақсаты: оқушылардың кітап оқу арқылы ойлау қабілетін дамытып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0v5E7m2KiQtBT9vYi3zn2ED1RhEoPGbga992t2jeTFjzcvvANnNktSgf57H6Be1C2l&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес дебат турнирлері өткізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 9 «АБВ» сынып оқушылары арасында кезектегі дебат сайысы өткізілді. Дебатсайысы «Ана тілің – арың бұл» тақырыбында өткізілді.

Дебаттың мақсаты – оқушылардың ана тіліне деген құрметін қалыптастыру, тілдің құндылығын дәріптеу, оқушылардың дұрыс сөйлеу мәдениетін, саяси сауаттылығын қалыптастыру мен ойлау қабілетін арттырып, өзіндік жеке азаматтық көзқарасы болуға тәрбиелеу. Сайысқа 9-А сыныбының "ЖАЛЫН" тобы, 9-Б сыныбының «БОЛАШАҚ» тобы мен 9-В сыныбының "АҚИҚАТ" тобының мүшелері белсене қатысып, пікір сайысқа жоғары дайындықпен келгенін байқатты. Олар сайыста мемлекеттік тілдің мәртебесі мен қазақ тіліне деген жанашырлық туралы ой қозғап, қазіргі кездегі жастардың ана тіліне деген көзқарастары туралы өз пікірлерін ортаға салды. Сонымен қатар адамдар арасындағы тіл проблемалары және ана тіліміздің орны мен маңызы, оның құндылығын дәріптеп тақырып бойынша өз ойларын ортаға салып, өзара пікір алмасты.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02RGCfznDyzhqZJBHFcGmy35aJLC9rAh9DHxj6knhtcKzr4jEDgptk2511VzN4VZBZl&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде Түркістан облысы білім басқармасының 2024жыл 30 қаңтар күнгі №25 / 576 хатының негізінде балалар омбудсмендері бастамашылық еткен “ДосболLIKE” іс-шара жоспарына сәйкес 1-сыныптарда “Дос болайық бәріміз” тақырыбында сурет салу байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушылардың позитивті қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0g1KPPf4NijgbjkNFnak4sAALzoSx8si2HHmUym4SMAwr9AMfuXRQ1XwAhpAF44wml&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде “Достық қолын ұсын” акциясы шеңберінде оқушылардың жағымды қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту мақсатында “ДосболLIKE” іс-шара жоспарына сәйкес мектеп оқушылары стендтер, буклеттер жасады.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0g1KPPf4NijgbjkNFnak4sAALzoSx8si2HHmUym4SMAwr9AMfuXRQ1XwAhpAF44wml&id=100041293980353&mibextid=Nif5oz

«Тәртіп-тәрбие бастауы» ұлдар тобының мектеп инспекторымен сұхбаты. Құқық бұзушылық бойынша көрсеткіш деңгейі Мектептегі оқушылар саны Қалалық ПБ есепте тұратын оқушылар Мектепшілік есепте тұратын оқушылар

Құқық бұзушылық бойынша көрсеткіш деңгейі.

	Мектептегі оқушылар саны	Аудандық ПБ есепте тұратын оқушылар	Мектепшілік есепте тұратын оқушылар
2021-2022	872	0	0

2022-2023	869	0	0
2023-2024	863	0	2

Оқу жылы бойынша	Орыналған қылмыс саны	Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастыру	Келес ауданы әкімі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау комиссиясына ұсынылған материал
2021-2022	0	0	0
2022-2023	0	0	0
2023-2024	0	0	0

	Барлық қаза болған саны	Аяқталған суицид	Суицидке ұмтылған баласаны	Ерте жүктілік	Зорлық-зомбылық
2021-2022	0	0	0	0	0
2022-2023	0	0	0	0	0
2023-2024	0	0	0	0	0

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында мектепте "Мектеп Парламенті" құрылып, арнайы бұйрық шығарылып, жауапты педагог қызметкерлер бекітіліп, жоспар жасалған. 2021-2022 оқу жылының Президенті-10 «А» сынып оқушысы – Мақсұт Дінмұхаммед; 2022-2023 оқу жылының Президенті-11 «А» сынып оқушысы – Салыбай Аружан, 2023-2024 оқу жылының өзін-өзі басқару ұйымының ПРЕЗИДЕНТІ 11 «В» сынып оқушысы Жолдасалы Ақмаржан.

Өзін-өзі басқару ұйымының ВИЦЕ ПРЕЗИДЕНТІ 11 «В» сынып оқушысы Жарылқасын Балнұр, Білім министрі 9 «В» сынып оқушысы Тәліп Аяулым, Құқық және тәртіп министрі 10 «А» сынып оқушысы Жумадулла Жадыра, Ақпарат министрі 8 «Б» сынып Құттыбек Аяулым, Спорт және салауатты өмір салты министрі 9 «В» сынып оқушысы Ендібай Диана, Мәдениет және өнер министрі 9 «А» сынып оқушысы Тұрлыбай Мерей Тазалық министрі 10 «А» сынып оқушысы Амирбай Балнұр, Төтенше жағдай министрі 10 «А» сынып оқушысы Жолаев Ернар, Экология және еңбек фракциясы 9 «В» Сыдық Жансая. Қазіргі таңда мектебімізде оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы қарқынды жұмыс атқаруда.

Кадрлық құрамға талдау:

Мектептегі әкімшілігі жұмысының негізгі бағыты кадрлық құрамын нығайту қызметі болып табылады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы мен мектеп Жарғысы негізінде мұғалімдер ұжымының құрамын білім беру ұйымының басшысы қалыптастырады, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау еңбек шарты негізінде жүзеге асыралады. Соңғы жылдары мектепке жаңадан қабылданған мұғалімдердің барлығымен еңбек шарты жасалған.

Мектептің педагогикалық кадрлық құрамының саны қажеттілікке байланысты анықталды. Бүгінгі таңда мектепте 94 мұғалім сабақ береді.

Педагогикалық кадрлардың білім деңгейі:

Оқу жылы	1-4 сыныптар			5-11 сыныптар		
	Мұғалімдер саны	Жоғары білімі бар	Арнаулы орта білімі бар	Мұғалімдер саны	Жоғары білімі бар	Арнаулы орта білімі бар
2021-2022	23	23	0	75	72	3
2022-2023	23	23	0	75	72	3
2023-2024	22	22	0	72	70	2

Педагогтардың жас құрамы:

Оқу жылы	Қызметкерлер жасы				
	20-30 жас	31-40 жас	41-50 жас	51-60 жас	61-ден асқан
2021-2022	7	22	32	37	0
2022-2023	6	24	33	34	1
2023-2024	7	22	32	32	1

Педагог кадрлардың жасы және еңбек өтілі бойынша құрамы:

Оқу жылы	Педагог қызметкерлердің еңбек өтілі			
	3 жылға дейін	3 жылдан 15 жылға дейін	16 жылдан 25 жылға дейін	25 жылдан жоғары
2021-2022	4/4%	38/38,7%	24/24,4%	32/32,6%
2022-2023	3 / 3%	38 / 38,7%	28/28,5%	29 / 29,5%
2023-2024	2 \ 2,1%	35/ 37,2%	29/30,8%	32/34%

Педагог-шебер мұғалім – 0, педагог-зерттеуші мұғалім – 12(12,7%), педагог-сарапшы мұғалім – 28. (29,7%), педагог-модератор мұғалім – 36.(38,2%)

Әдістемелік бірлестік	Педагог саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санатсыз
Қазақ тілі мен әдебиеті	7			4	2	1
Орыс тілі мен әдебиеті	11		1	2	4	4
Шет тілі	11		3	1	3	4
Бастауыш	22		2	12	7	1
Тарих	7		2	2	1	2
География						
Химия	5		1	1	2	1
Биология						
Математика	9		1	2	5	1
Физика						
Информатика	5		1	2	1	1
Көркем еңбек	6				5	1
Музыка						
Дене	11			2	5	4
Тәрбиесі/АӘТД						
Жалпы	94		12	28	35	19

Педагог қызметкерлерді аттестаттау – педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім. Педагогтарды аттестаттаудың міндеті - педагогтың кәсіби деңгейіне сәйкес біліктілік санатын беру.

Осыған сәйкес мектеп **2021 жылы** педагогикалық біліктілік пен шеберлікті көтеру, мұғалімдерді аттестациядан өткізу мақсатында бекітілген жоспар бойынша жүйелі жұмыс жасады. Осы оқу жылында аттесттаудан өтудің перспективті жоспарына сәйкес 9 мұғалім жоспарлы түрде біліктілік деңгейін арттырды, « педагог-зерттеуші» санатына 2 мұғалім, «педагог-сарапшы» санатына - 4 мұғалім, «педагог-модератор» санатына 3 мұғалім өтті яғни 9,1 % құрады.

2022 жылы педагогикалық біліктілік пен шеберлікті көтеру, мұғалімдерді аттестациядан өткізу мақсатында бекітілген жоспар бойынша жүйелін жұмысын жалғастыра отырып осы оқу жылында аттесттаудан өтудің перспективті жоспарына сәйкес 1 мұғалім жоспарлы түрде біліктілік деңгейін арттырды, «педагог-зерттеуші» санатына мұғалім, «педагог-сарапшы» санатына -1 мұғалім өтті, «педагог-модератор»- мұғалім өтті яғни 1 % құрады.

2023 педагогикалық біліктілік пен шеберлікті көтеру, мұғалімдерді аттестациядан өткізу мақсатында бекітілген жоспар бойынша жүйелі жұмыс жасады. Осы оқу жылында аттесттаудан өтудің перспективті жоспарына сәйкес 8 мұғалім жоспарлы түрде біліктілік деңгейін арттырды, «педагог-зерттеуші» санатына 1 мұғалім, «педагог-сарапшы» санатына - мұғалім, «педагог-модератор» санатына - 7 мұғалім біліктілік санатына, өтті, яғни 8,5 % құрады.

Мектеп педагог - сарапшылардың, педагог - зерттеушілердің, педагог- шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің үлесі – 23,4 %, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің үлесі – 76,5%-ды құрайды. Бастауыш мектепте 22 педагог сабақжүргізеді, оның ішінде: 2 педагог - зерттеуші, 12 педагог – сарапшы, 7 педагог - модератор. Бастауыш мектептегі сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің үлесі – 23,4%-ды құрады (білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2-қосымшаның "5" балына сәйкес келеді). Негізгі және жоғары сыныптарда - 72 педагог, оның ішінде: педагог-шебер, 9 педагог - зерттеуші, 16 педагог - сарапшы, 28 педагог – модератор, сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің үлесі – 56,3%-ды құрады (білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 2- қосымшаның "5 балына сәйкес келеді).

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау курстарынан өтуіне талдау. Мектепте мұғалімдер кәсіптілігінің қалыптасуына, шығармашылық деңгейлерінің өсуіне, білімдерін жетілдіруіне, жаңашылдыққа ұмтылуына ықпал етуі бағытында үздіксіз жұмыстар жүргізіліп отырды. Курстар жүйесі арқылы біліктілікті арттыру мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіру бірлестік жетекшілерімен мектеп әкімшілігі жұмысының маңызды бағыты болып табылады. Осыған орай мектеп әкімшілігі тарапынан мұғалімдердің білімдерін жетілдіріп және санат дәрежелері деңгейлерін көтеріп отыруларына көп көңіл бөлінді. Оның дәлелі

Мектеп атауы	2021 жыл		2022 жыл		2023 жыл		Жалпы біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтардың саны	біліктілік арттыру курсынан өтетін педагогтар саны
	Біліктілік арттыру курсына өтініш бергендер саны	Біліктілік арттыру курсынан өткендер саны	Біліктілік арттыру курсына өтініш бергендер саны	Біліктілік арттыру курсынан өткендер саны	Біліктілік арттыру курсына өтініш бергендер саны	Біліктілік арттыру курсынан өткендер саны		
№31Ш. Уалиханов ЖББМ	7	7	15	15	8	8	8	20

Мұғалімдер біліктілік арттыру курсынан мектептің перспективті жоспарына сәйкес уақытылы өткен. Ағымдағы жылдың желтоқсан айына дейін жоспар бойынша біршама пән мұғалімдері біліктілік курстарынан өтеді. Біліктілік арттыру курсы пәндер бойынша – 81 % (білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 2-қосымшаның "3" бағасына сәйкес келеді). Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары лауазымдық қызметіне 2022 жылы тағайындалуына сәйкес курстан ағымдағы оқу жылында кестеге сәйкес өтеді.

Мектеп басшысының және орынбасарларының аттестаттаудан өткендігі туралы мәлімет. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім берудің білім беру бағдарламаларына асыратын білім беру ұйымдарының басшы орынбасарларының аттестатталуы бойынша комиссия шешімдері қосымшаларға сәйкес бекітілген.

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Атқаратын лауазымы	Лауазымдық еңбек өтілі	Біліктілік санаты	Біліктілік санаты
1	Камбарова Акмарал Рахманбердиевна	Мектеп директоры	4 жыл	«Педагог-зерттеуші»,	
2	Дюсенова Айзада Утеповна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	13 жыл	«Педагог-зерттеуші»	
3	Сакибекова Малика Конысовна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары (бастауыш сынып бойынша)	4 жыл	«Педагог-сарапшы»	
6	Усенов Кайрат Сугирбаевич	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	13 жыл	«Педагог зерттеуші »	
7	Есжанова Райхан Рапилбековна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	10 жыл		

**«№31 Ш.Уалиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің психологиялық қызметі бойынша
2021 -2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы атқарылған
жұмыстарының есебі.**

Оқу жылындағы атқарылған барлық психологиялық іс-шараларды ұйымдастыру төменгі бұйрыққа негізделіп жасалынды. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің іске асуы мен негізгі міндеттері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу принциптері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен негізделді. Психологиялық қызметтің басты мақсаты – дамудың және оқу-тәрбие процесінің әлеуметтік жағдайын ғылыми психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім беру процесіндегі барлық қатысушылардың денсаулығын сақтауға арналған психологиялық жағдайларды қамтамасыз ете алатын, тұлғаны дамыту мен тәрбиелеудің осы күнгі психологиялық-педагогикалық теориялары негізінде осы процесті ұйымдастыру мен құру және жүргізу. Мақсатты іске асыру барысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылдың 16 қыркүйегінде бекіткен №472 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 25.08.2022ж. №377 бұйрығы негізінде №31 Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің психологиялық қызмет жоспары жасалынып, лауазымдық міндеттер мен істер номенклатурасы бекітілді. Мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет Білім және ғылым министрі бекіткен бес бағытты қамтыды:



Психологиялық қызмет бойынша жылдық жоспар, сәйкесінше, әртүрлі бағыттағы профилактикалық және психологиялық жұмыстар, оқу-тәрбие жұмысына қатысушылармен жұмыс жоспарлары жасалып бекітілді. Психологиялық жұмыстарға арналған әдістемелік материалдар, психологиялық қолдау бағдарламалары жинақталып, кабинет жабдықталып реттелді.

Педагогикалық кеңесте мектеп ұжымы арасында психологиялық қызметтің құрамымен, мазмұны және мақсаты, жаңа оқу жылында атқарылатын іс-шаралар жөнінде таныстырылды.

Мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет бойынша 1-11 сынып оқушылары толықтай қамтылып, жүргізілген бағытқа және қажеттілігіне қарай топтық және жеке жұмыстар ұйымдастырылады. Барлық психологиялық жұмыстар баланың жас ерекшелігіне қарай жүргізіліп, хаттама жазылып, педагог-психолог консультацияларын есепке алу журналына тіркеледі. Мектепте « сенім телефонымен» «сенім жәшігі » бар, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жыл бойы жүргізіледі. Психолог жұмысының негізгісі аутодеструктивті іс әрекетті жұмыстардың алдын алу бойынша топтық жұмыстар; Бестерек жобасы аясында «Үй, адам, ағаш» әдістемесі, «НСВ-10» әдістемесі, Зунгтің «Депрессияны анықтау шкаласы», Мазасыздану және депрессияны анықтау DASS-21 тесті, түрлі бағыттағы құқық бұзушылықты анықтау сауалнамасы, жеке оқушылар мен «Отбасы суреті», сонымен қатар түскен сұраныс мақсатына қарай түрлі тестер жеке алынады..

Бірінші кезекте мектеп оқушылары туралы мәлімет жинау мақсатында «Бестерек» жобасы бойынша сынып жетекшілерден сыныбындағы оқушылар туралы мәлімет және әлеуметтік педагогтан мектептегі көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасы, тұрмысы төмен, үйде оқыту, тұл жетім оқушылардың тізімін, мектеп медбикелерінен Д – тізімде тұратын және мектеп инспекторынан тіркеудегі оқушылар мен отбасылар тізімі анықталып, « ReFrame» тұлғалық дамыту базасына мәліметтер ендіріледі.

0-11 сынып оқушылардың анықталған тізімінен мектепшілік тәрбиесі қиын «ерекше тізім», «дарынды», «жаңадан келген» оқушылар анықталып, жоспар бекітіледі.

Жаңадан келген, дарынды және оқу мотивациясы төмен оқушыларға жоспар жасалынып бекітіледі.

8-9-10-11 сынып ербалдарына «Ұлдар кеңесі» өткізіліп, жоспар түзіліп ұлдар ұйымының жетекшісі, сынып топбасшылары сайланады.

8-9-10-11 сынып қыздарымен жиналыс өткізіліп қыздар ұйымының жетекшісі сайланып, жоспар құрылады.

Аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу мақсатында 5 - 11 сынып аралығында әр түрлі тақырыпта эссе жұмысы алынады. Эссе жазу жұмысы бойынша сынып жетекшілер қорытынды жасап, оқушыларды өмірге, өмір сүруге деген көз – қарастарын позитивті екендігін нақтылап көрсетеді.

Бастауыш сынып мұғалімдерімен сұхбат жүргізіліп, бастауыш сыныптарында жайсыз отбасыдан шыққан, әлеуметтік аз қамтылған мектеп оқушылары туралы мәлімет жинақталады.

Сабақтан көп қалатын оқушылардың үйіне барып, сабаққа келмеу себептері анықталып, АКТ түзіліп, ата –анасымен сұхбат жүргізіледі.

Мектепшілік есепке тіркелген оқушылармен ДТІЖО мен бірге алдын –алу, түзету жұмыстары үнемі жүргізіледі.

Педагогика психологияға бағытталған психологиялық – диагностикалық сұхбат жұмыстары, сабақтан көп қалатын оқушылар және ата –аналарымен, қамқоршылықтағы оқушылармен, психологиялық жеке, топтық кеңеске сұраныс жұмыстары жүргізіледі.

Ата – аналар жиналысына қатысып, білім беру мекемелерінде оқушыларға психологиялық көмек көрсетуге байланысты ата –ана (қамқоршы) тараптарынан келісімі алынады.

1-сынып оқушыларының мектептегі оқуға дайындығының деңгейін анықтау мақсатында Керн-Йерасек тесті алынады. Берілген графикалық тест 3 тапсырмадан тұрады.

- 1) Адамның суретін салу
- 2) Сөздер көшірмесі
- 3) Нүктелер көшірмесі

Жалпы сыныптардың мектепке дайындығының деңгейі жақсы деп бағалауға болады. Бала бойындағы орын алған кемшіліктер түзету-дамытушылық бағытта жұмыс жоспарлануда. Ата-ананың сұранысы бойынша, жекелеген оқушылармен түзету-дамыту бағытында жұмыстар жүргізіледі.

Мектепке жаңадан келген оқушылардың тізімі алынып, оларға әлеуметтік-психологиялық карта толтырылады.1-сынып оқушыларының мектепке дайындық деңгейіне, 5-сынып оқушыларының орта буынға, оқу жүйесіне бейімделуіне жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары атқарылады.

«Бестерек» жобасының кабинеттік талдауы бойынша анықтамалар толтырылады. «Бестерек» жобасы бойынша кабинеттік талдауы негізінде тәуекел тобының «Қызыл-, жасыл-,сары-» деңгейлері анықтау алгоритмі жүргізіледі.

Оқушылар бойында қобалжу, мазасыздану деңгейлерін анықтауда 1-4 сыныптардан «Отбасылық сурет» әдістемесі, 5-7 сыныптардан «НСВ-10»тесті, 8-10 сыныптардан «ДАСС шкаласы» диагностика жүргізіліп, коррекциялық дамыту сабақтары өткізіледі.

Тәуекел тобына алынған оқушылармен топтық, жеке түзету жұмыстары жүргізіліп, жеке іс-қағаз жасалады. Олардың сынып жетекшісімен,ата-анасымен жеке кездесулер ұйымдастырылады.

1-сынып оқушыларын мектеп-өміріне бейімделуіне орай «Кел,танысайық!» психологиялық сабақ .

5-сынып оқушыларымен қарым-қатынасты нығайту үшін тренинг,жаттығулар өтіледі.

8-9 сынып оқушыларымен «Күйзелістен қалай арылуға болады?»тренинг жаттығу жүргізіледі.

11сынып түлектерімен «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?»атты кездесу тренинг өтіледі.

Ата-аналар мен мұғалімдерге оқыту семинарлары ұйымдастырылып, кеңестер беріледі. Сынып жетекшілер мен ата-аналарға «Балалар үшін бірігейік!»жиналысында қарым-қатынастың тиімді әдіс-тәсілдері жөнінде ақпараттандырылды.

8-11сынып қыздарымен «Тазалық-денсаулық кепілі», «Ерте жастағы жүктілік сырлары», «Репродуктивті саулық» профилактикалық ағарту бағытында аудан емхана мамандарымен әңгіме-сұқбат жүргізіліп, бейнебаян көрсетілді.

8-11 сынып оқушыларымен «Зиянды әдеттерге әуес болудың алдын алу, болдырмау», «Зиянды әдет- қоғамдық дерт» бойынша түсіндірме жұмыстары мектеп әкімшілігімен біргелікте жүргізілді. Әлеуметтік желіге жарияланады

1-11 сынып оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жеке, топтық кездесулер, кеңес берулер беріледі.

10-11 сынып оқушыларының бейіндік пәндер бойынша «ДЖ Голланд» тесті алынып, «Кәсіби бағдар», «Кім болғым келеді?» тақырыбында жаттығулар жүргізіледі.

Голланд кәсіби тұлғалық типін анықтау әдістемесі

	2021-2022 жыл		2022-2023 жыл		2023-2024 Іжартыжылдығы	
Қатысқаны:	105		127		128	
Реалистік тип	20	19.04%	20	15.74%	30	23.43%
Зияткерлік тип	21	20%	25	19.28%	25	19.53%
Әлеуметтік тип	19	18.09%	23	18.11%	22	17.18%
Конвенциялды тип	15	14.28%	20	15.74%	13	10.15%
Іскер тип	14	13.33%	19	14.96%	20	15.62%
Өртістік тип	16	15,23%	20	15.74%	18	14.06%

7-8 сынып оқушыларының психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту бойынша «Менің психологиялық денсаулығым» атты сұхбаттасу дәрістері өтілді. Сұраныс бойынша ата-анамен, мұғалімдермен және оқушылармен консультация жүргізіледі.

2-4 сынып оқушылармен танымдық процестерін (зейін, ес, ойлау, қиял) анықтау бойынша диагностикалау жүргізіледі.

1 сынып оқушыларымен «Кел танысайық» психологиялық сабақ өтілді.

10 сынып оқушыларымен «Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» тренинг өтілді.

8-9 сынып оқушыларымен «Күйзелістен қалай арылуға болады?» түзету-дамыту жүргізілді.

7-10 сынып қыздарымен «Психикалық саулығын нығайту, мектеп ережесін сақтау, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға» бағытталған кездесу болып, бейнебаян көрсетілді.

5-11 сынып ата-аналарымен «Бала құқығы, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп инспекторы, мектеп медбикесімен біргелікте кездесу ұйымдастырылды.

1 сынып оқушыларының темперамент типіне диагностикалау жүргізілді.

Кәсіби бағдарға байланысты мектептің кәсіби бағдарлаушы маманымен біргелікте 9-11 сынып оқушыларымен кездесулер өтілді.

1 сынып оқушыларымен «Мектептегі көңіл- күй»тренингі өтілді.

5 сынып оқушыларымен «Мен өзімді мақтай аламын»тренинг өтілді.

11 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Емтихан кезінде балаңыздың стресттік жағдайдан алып шығу жолын біліңіз!» атты арттерапия жаттығуы жүргізілді.

8-10 сынып қыздарымен «Репродуктивті саулық»тақырыбында дәріс, кеңес беру жүргізілді.

5-11 сыныптағы тәуекел тобындағы оқушылармен жеке, топтық диагностикалау алынды.

9 сынып оқушыларымен «Менің құқықтарым»атты дөңгелек үстел жүргізілді.

5-11 сыныптағы тәуекел тобындағы оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Сұраныс бойынша мұғалімдермен, ата-ана және оқушылармен кездесулер ұйымдастырылады.

Ерекше қабілетті оқушылармен түзету-дамыту жаттығулары жүргізіледі.

9-11 сынып ұлдар кеңесімен «Тәртіп-тазалықтан басталады» және т.б тақырыптарында алдын алу кездесуі ұйымдастырылады.

5-7 сынып қыздарымен « Мен әсеммін!, Мен ғажайыппын!»тренингі өтілді.

Ықпалдастыру оқыту бойынша А....Ә және С.....Е мен түзету-дамыту, қолдау жұмыстары жүргізілуде.

Денсаулығына байланысты үйде оқытылатын балалар үнемі психологтың назарында болып, олармен психологиялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп отырады.

9-10-11 сыныптар арасында «Мектептегі зорлық- зомбылықтың, буллингтің, басқа діни ағымдарға кірмеудің, ерте жүктіліктің алдын алу» бойынша аудандық прокуратура, келес ауданының имамы, аудан емхана жіне жастар ресурстық орталық мамандарымен біргелесіп жоспардан тыс профилактикалық жиналыс өткізілді.Әлеуметтік желіге жарияланды.

Мектеп ұжымы және жас мамандармен психологиялық қолдау ,сүйемелдеу жұмыстары үнемі түрлі тақырыптарда жүргізіліп отырады.

Білім ұйымындағы психологиялық қызмет 5-бағыт бойынша жұмыстар ұдайы жоспарға сәйкес жүргізіледі.

**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білі алушыларының әлеуметтік
бағытына мәлімет.**

2021-2022 оқу жылында мектептетолық емес отбасылар саны 35, анасы жоқ балалар саны 1, әкесі жоқ балалар 34, көп балалы отбасы 302, аз қамтылған отбасы 38, тұл жетім және қамқорлығынсыз қалған бала жоқ, ата-анасы ажырасқан отбасы баласы саны 35, өгей ата-анамен тұратындар саны 5.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондайақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан

төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасына қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысын және Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10-қосымшасына сәйкес жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаржыға аудандық білім бөлімі тарапынан жартылай жетім және әлеуметтік тұрмысы төмен өтініш берген 20 оқушыға мектеп формасы мен оқу құралы берілді.

Аз қамтылған және көп балалы отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында «Мектепке жол» Республикалық акциясы аясында мектебімізде «Жастар ресурстық орталығының» демеушілігімен 5 оқушымызға оқу құралдары мен мектеп сумкасы берілді.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондайақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасына қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысын және Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10-қосымшасына сәйкес мектепте жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаржыға жартылай жетім және әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларының балаларына бір мезгіл сапалы және қауіпсіз ыстық тамақ беру ұйымдастырылды. 1-11 сынып аралығындағы арнайы мәртебеге ие 20 оқушы мектеп асханасынан бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Оқушылар жыл бойы сапалы және құнарлы тамақпен қамтылды.

Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 сәуірде №20478 болып тіркелді. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес 5 оқушы қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагерлеріне барды.

2022-2023 оқу жылында мектепте толық емес отбасылар саны 38, аз қамтылған отбасы саны 13, жетім және қамқорлығынсыз қалған бала жоқ, Атаулы әлеуметтік көмек алатындар 43 оқушы. Өгей ата-анамен тұратын оқушылар саны 3, денсаулығына байланысты есепте тұратын 6 оқушы, ата-анасы ажырасқан отбасы балалары саны 34, алқалы орган шешімімен есепке 44 оқушы алынды.

Мектептегі барлық оқушылардың әлеуметтік картасы және сыныптың әлеуметтік куәлігі толтырылды.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына сәйкес мемлекет тарапынан Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылардың ата-аналарынан өтініштер қабылданып, құжаттары толық жиналып Аудандық білім бөліміне өткізілді. Осы санаттағы 47 оқушыға мемлекет тарапынан ақшалай қаражат берілді, әр балаға 37300 теңгеден ата-анасының есеп шоттарына ақшалай мектеп формасы мен оқу құралдарын алу үшін түсірілді. Осы қаражатқа ата-аналар талапқа сай балаларына мектеп формасы мен оқу құралдарын алып берді. Ата-аналар алғандығы жөнінде түбіртектерін өз уақытында өткізді.

Аз қамтылған және көп балалы отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында «Мектепке жол» Республикалық акциясы аясында мектебімізде Кәсіподақ тарапынан жартылай жетім, тұрмысы төмен 9,8,3,7 сынып 4 оқушыға 35 мың теңгеден мектеп формасы мен оқу құралдарын алу үшін ақшалай қаражат берілді. Демеушілерден мектеп директоры жартылай жетім 1 оқушыға мектеп формасымен қамтамасыз етті, ал мектебіміздің директорының тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов көп балалы отбасынан шыққан оқушыға мектеп формасы мен оқу құралдарынмен қамтамасыз етті.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондайақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасына қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысын және Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10-қосымшасына сәйкес мектепте жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаржыға жартылай жетім және әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларының балаларына бір мезгіл сапалы және қауіпсіз ыстық тамақ беру ұйымдастырылды. 1-11 сынып аралығындағы арнайы мәртебеге ие 29 оқушымыз мектеп асханасынан бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Оқушылар жыл бойы сапалы және құнарлы тамақпен қамтылды.

Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 сәуірде №20478 болып тіркелді. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес 39 оқушы қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагерлеріне барды.

2023-2024 оқу жылында мектепте толық отбасылар саны 795, толық емес отбасылар саны 32, анасы жоқ балалар саны 5, әкесі жоқ балалар 27, көп балалы отбасы 574, аз қамтылған отбасы 13, жеті және қамқорлығынсыз қалған бала жоқ, Атаулы әлеуметтік көмек алатындар саны 27 оқушы. Мектептегі барлық оқушылардың әлеуметтік картасы және сыныптың әлеуметтік куәлігі толтырылды.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына сәйкес мемлекет тарапынан Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылардың ата-аналарынан өтініштер қабылданып, құжаттары толық жиналып Аудандық білім бөліміне өткізілді. Осы санаттағы 42 оқушыға мемлекет тарапынан ақшалай қаражат берілді, әр балаға 40567 тенгеден ата-анасының есеп шоттарына ақшалай мектеп формасы мен оқу құралдарын алу үшін түсірілді. Осы қаражатқа ата-аналар талапқа сай балаларына мектеп формасы мен оқу құралдарын алып берді. Ата-аналар алғандығы жөнінде түбіртектерін өз уақытында өткізді.

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 2023 жылғы 25 шілдедегі №16-16/6151 хатына сәйкес және Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің 01.08.2023 жылғы №230 -18-/02-03/931 бұйрығын басшылыққа ала отырып аз қамтылған және көп балалы отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында «Мектепке жол» Республикалық акциясы аясында мектебімізде Кәсіподақ тарапынан жартылай жетім 3 оқушыға оқу құралдарын алу үшін ақшалай қаражат берілді. «Аманат» партиясы жартылай жетім 9 сынып оқушысына спорттық киім мен мектеп сумкасын үйлестірді, демеушілер тарапынан жеке кәсіпкер Е.Молдабаев көп балалы 2 отбасының 4 баласына мектеп формасы үшін 100 мың және ауыл мешітінен 4 оқушыға 12 мың тенгеден мектеп формасы үшін қаржылай көмек көрсетілді.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондайақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасына қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысын және Отбасы

және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10-қосымшасына сәйкес мектепте жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаржыға жартылай жетім және әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларының балаларына бір мезгіл сапалы және қауіпсіз ыстық тамақ беру ұйымдастырылды. 1-4 сыныптың 290 оқушыларына және 5-9 сынып аралығындағы арнайы мәртебеге ие 25 оқушымыз мектеп асханасынан бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Оқушылар жыл бойы сапалы және құнарлы тамақпен қамтылды.

**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінің
2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылына арналған
кітапхана жұмысының жылдық есебі.**

2021-2022 жылы мектеп кітапханасының жалпы қоры-24872, оның ішінде оқулық саны-16321, оқу әдістемелігі-731,әдеби кітаптар-6837, анықтамалық кітаптар-64, сөздіктер -26, электрондық оқулықтар-893. Оқырман саны-690, кітаптың берілімі-12470. Есептен шығарылған кітап саны-1149.

Тапсырыс берілген кітап саны -2307.2021-2022 жылдың кітап қорының өсуі-1741. Бекітілген бұйрық бойынша тамыздың 20нан бастап оқушыларға кітап таратылды. Оқушылар кітаппен 100% қамтылды.«1-Қыркүйек білім күні» тақырыбына байланысты оқушыларға кітаптар үйлестіріліп, сынып сағаттары өтілді. Тіл мерекесіне орай «Тілім менің -тірегім» атты іс шара ұйымдастырылды. Іс-шараға барлық сынып оқушылары қамтылды. Кітапханаға кіліп түскен жаңа 270 әдеби кітаптар мен ертегі кітапардыслайд түрінде бейнеролик жасап оқырмандарға таныстырылды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02PQCG9HMHJCJRZsd6VEH8JJcPWFWEU4hjtYp95yqcwEB2JWaMq7XrCawihSV7BE6fpl&id=100047158576264&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f

Еліміздің тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «30 кітап» науқанына оқушылар қатысып жүлделі орындарға ие болды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0DXcA8gXyM1R3mTGNy93wt2nFnPSsnE5AAeE3fmKQKAb4whZjv1PSMKRdPiw5Dthhl&id=100047158576264&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f

Ақпан айында «Бір ел -бір кітап» республикалық акция аясында кітапханада Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің мерейтойына арналған «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына -30 кітап» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мектеп бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған «Кітапханаға кітап сыйла» акциясына ата-аналар, ұстаздар, мектеп түлектері бірнеше кітаптарды сыйға тартты. «Артық білім кітапта» демекші, болашақ ұрпағымыз білімді рухани бай болу үшін, оқушылардың кітап оқу мәдениетін қалыптастырып, кітап оқуға шақыру мақсатындаөткен акцияға белсене қатысқан оқырмандар марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/XETThShUUMVMtKYXx/?mibextid=WC7FNe>

Қазақтың ақиық ақыны, Тәңіртаудың мұзбалағы, қазақтың қара өлеңінің қасиетін ұсынған Мұқағали Мақатаевтың 90- жыл толуына орай оқушылар арасында ақын өлеңдерінен, өмірі мен шығармашылығынан әдеби кеш болып өтті. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02aTUbyM9taiU6923mkBLScZoi3J6vDznPHgrfUChbcAjwRYWuBVT2EwLr7cfAomHdl&id=100047158576264&mibextid=VhDh1V

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында оқырмандар арасында «Көп оқитын сынып» және «Сыныптың ең үздік оқырманы» байқауы болып өткізілді. Аталған жоба аясында оқушылар қатысып «Менің оқыған кітабым» тақырыбында оқушылар арасында оқыған кітабынан үзінді айтып өзара бақ сынасты. Бірінші кезеңде ақындар шығармашылығынан еркін форматта поэзия оқылды. Ал екінші кезеңде жазушылардың проза, әңгімелеріне талдау жасалды. Қазылар алқасының қорытындысы бойынша байқауға қатысқан оқушыларға орын берілді. Сонымен қатар өзін жақсы қырынан көрсете білген оқушыларға түрлі номинация бойынша алғыс хат табысталды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02Y9oXz3ieR9edx26i2xQJHz5foCLUDsg55eNgjp2VXcAREnTGAYwE7sevNXHCr298l&id=100047158576264&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f

Ұлы жеңістің күніне орай «Ешкімде ешқашан ұмытылмайды» атты тақырыпқы кітап көрме ұйымдастырылды.

2022-2023 жылы мектеп кітапханасының жалпы қоры-23882, оның ішінде оқулық саны-15550, оқу әдістемелігі-341, әдеби кітаптар-708, анықтамалық кітаптар-64, сөздіктер -26, электрондық оқулықтар-893. Оқырман саны-690, кітаптың берілімі-12420. Есептен шығарылған кітаптар саны-2794. 2021-2022 жылы есептен шыққан кітаптың көп болуы себепті кітап қорының кемуі-990 болды. Жаңа оқу жылына тапсырыс берілген кітаптар саны-2132. Тамызда ауданнан берілетін жаңа оқулықтарды әкеліп, мектептің мөрін басып, нөмірлеу жұмысы жүргізілді. Тамыз айының 15-інен бастап оқушыларға кітап таратылып, оқушылар кітаппен 100% қамтылды. Мектеп әкімшілігі бірлесе отырып 1-қыркүйек білім күніне арналған «Білімге ұмтылу – Еңбексүйгіштік пен Отаншылдық» тақырыбына үлкен көлемде салтанатты іс-шара өткізілді. Тіл мерекесіне орай «Тілім – менің мақтанышым» тақырыбында қазақ тілі мамандарымен бірлесе отырып іс-шара өткізілді. «Кітапханаға кітап сыйла акциясы» кең көлемде ұйымдастырылып әдеби кітаптар кіріске алынды. Аптаның әр жұма күні «Оқу сағаты» жоспарымен сынып бойынша кітап тазалығын тексеру жүргізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0LcnNPj7Sf6Wge16HNPe5YZBmRYLFEEXKeAijaLh35CSXYwbCPiyPxR1kKMkN3vUnSl&id=100047158576264&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f

Желтоқсан айында өткізілген іс-шаралар, желтоқсанның тоғызына «Тәуелсіздігімізге 31 жыл» мерекелік іс - шарасын өткіздік. Желтоқсанның 21-күні Қазыбекбидің туғанына 355 жылдығына орай «Бабалар өсиеті» атты оқушылар арасында іс -шара өткізілді. Аптаның әр жұма күні «Оқуға құштар мектеп» аясында 20 минуттық «Оқуға сағаты» ұйымдастырылды. Іс-шараға барлық сынып оқушылары

тартылды. Желтоқсанның 28-іне қазақ тіліне аударылған «Жүз кітап жобасы аясында жаңа кітаптармен пікір талас және «Жүз кітап» жобасы аясында ұсынылған қазақ ақын жазушыларының «Сөзжұмбақ, Ойлан тап» ойындары арқылы ақын-жазушылар кітабын насихаттау өткізілді. Аптаның әр Жұма күні «Кітап біздің досымыз» атты тақырыпта орта буындар арасында «Оқу сағаты» ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/r/DfLupPJWNaZ6Tz5K/?mibextid=D5vuiz>

Әр жұма «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Тарихтан сыр шертеміз» тақырыбында жиырма минуттық оқу сағаты өткізілді. Демалыста «Каникулда кітап оқимыз» жобасымен оқушылар электрон жүйесімен «Кітапхан» жобасына тіркеліп әдеби жанрда кітаптар оқыды. «Оқуға құштар жобасы» аясында «Ең үздік оқырман отбасы» байқауы өткізілді. Байқауға үлгілі, өнегелі, кітап көп оқитын отбасыны үздік отбасы деп танылып Алғыс хаттармен марапатталды. Сәуірдің 10-ымен 14-і аралығында кітапхана апталы өткізіліп, апталықтың ашылуына барлық оқушылар қамтылды. Жылдың соңына қарай бекітілген бұйрық бойынша төменгі сыныптардан бастап кітаптарды қабылданып, жоғалған кітаптарды түгендеп, жыртылғанын жамап келесі жылға дайындық жасап жасалды. 2023-2024 жыл мектеп кітапханасының жалпы қоры-16912, оның ішінде оқулық саны-15101, оқу әдістемелігі-170, әдеби кітаптар-1244, анықтамалық кітаптар-92, сөздіктер -26, электрондық оқулықтар-273. Оқырман саны-850. Кітапханаға келімі-7650, кітаптың берілімі-15300. Есептен шығарылған кітаптар саны-7831. Тапсырыс берілген кітап саны-. 2021-2022 жылдың кітап қорының кемуі- жылға жасалған жылдық жоспар бекітіліп, жоспар бойынша жұмыс атқарылды. Мектеп басшылары бекітілген бұйрық бойынша кесте түзіліп, оқушыларға кітаптар 100% таратылды. 1-Қыркүйек «Мектебім -мерейлі мекенім» мерекесіне орай салтанатты жиын өтілді. «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық» тұжырымдамаға сәйкес барлық сыныптарда бірыңғай сынып сағаттар форматында

өткізілді. <https://www.facebook.com/share/p/UUXrjEHmpFD9N2oZ/?mibextid=WC7FN>

Тіл мерекесіне орай кең көлемде «Тілім менің- мақтанышым», «Тілім менің- тірегім» атты іс-шараға кітап көрме мен іс-шаралар ұйымдастырылды

<https://www.facebook.com/share/p/5qwdan6fAYJKcKMm/?mibextid=WC7FNe>

Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған «Күзде кітап оқимыз» атты онкүндік іс-шараның ашылу салтанаты болып өтті. Екінші күні бастауыш сынып оқушылары мен сынып жетекшілері бірлесе отырып өздерінің оқыған ертегілерінен сахналық қойылымдар ұйымдастырып, ертегі кейіпкерлерінактерлық шеберлікпен ойнап шықты.

<https://www.facebook.com/share/p/dCDxH82XQkJqCiDD/?mibextid=qi2Omg>

«Күзде кітап оқимыз» іс-шараның жоспары бойынша «Бір сынып-бір кітапхана», «Біз бірге кітап оқимыз» тақырыбындағы жобаға 9-8-сынып оқушылары арасында кітап оқу марафоны өткізілді

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02QETyLrwfY9WLner7XZHMQXoMZ5qhqiEuMLr3MZSAf9fjVrz2g5xnREcfwv9cQyJ2l&id=100047158576264&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f

Демалыста уақытын бос өткізбей кітап оқу мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға оқушылар түгел қамтылды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0D18vL8xrLGjDbSWHsoE9QfTJ1XVwkbwZ6tpghEVnmDvH12f2UMTpNufSWwnnmCyZl&id=100047158576264&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f

Қараша айында кітапханаға жаңа 270 әдеби кітап пен ертегі кітаптар келіп түсті. Слайд форматында бейнеролик жасалып әлеуметтік желі арқылы оқырмандарға таныстырылды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0uuWURviB9KcpMqCMRDEd3PnhN48wUCffX81jmMHgwVP68NqcU76Wd2Ubbuebbt2hl&id=100047158576264&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында аптаның әр сәрсенбі күні «20 минут кітап оқу сағаты» бойынша жалпы мектеп бойынша 20 минут кітап үрдісі жүріп отырды.

<https://www.facebook.com/share/r/DfLupPJWNaZ6Tz5K/?mibextid=qi2Omg>

Оқушылар қысқы демалысты бос өткізбеу мақсатында «Оқуға құштар жобасы» аясында ұйымдастырылған «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» тақырыпта оқушылармен көптеген іс-шаралар өткізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0cZnvkKiXwyPqnQ23ETMGD3bd3oawoDZc8DNbg3Fj53Ex8RAMKGxfM2TLJTpvkDt2l&id=100047158576264&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f

«Кітап маған тақтан да қымбат» тақырыпта оқушылар арасында кітап оқу сайысы болып өтті. 5-6-сыныптар арасында Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» кітабынан үзінді оқып, пікір-сайыс сабағы өтілді.

<https://www.facebook.com/share/p/eEneC4nYMQpVp3XU/?mibextid=qi2Omg>

Ата-аналар арасында Қазақтың ақиық ақыны, қазақтың қара өлеңін пір тұтқан М.Мақатаевтың туғанына 93 жыл толуына орай, ақын шығармасынан әдеби кеш ұйымдастырылды.«Көңілді үзіліс ойыны» жобасы жүргізіліп отырды.Үлкен үзіліс кезінде оқушыларға әртүрлі конфеттерге ақын жазушылардың шығармасын жазып ұсыну арқылы ұйымдастырылды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid027FcHDCk5VpqNUNKee18KMZYZscBHohZWkHRuAB32mT3M6yPmRE7operYpjVFLv4Hl&id=100047158576264&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f

Мектеп кітапханасында Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы ұйымдасырылды. Акцияға мектеп бітірген түлектер, ата-аналар, ұстаздар және оқушылар қатысып әртүрлі тақырыпта кітаптар сыйға тартып кітап қорын толықтырды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0dDoFQ61CrzU3b1NpynWxocK8Ekny9YTRyje3KnY28vnL2kL2Uy5CXB3Fnsk8aaQ8l&id=100047158576264&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f

Ақын- жазушылардың шығармаларын насихатту, кітапханаға оқырмандарды тарту, кітап қорын молайту. Отбасылық оқуға арналған жоба «Үздік оқырман отбасы» атты байқауы болып өтті. Байқауға қатысқан отбасылар кезең кезеңнен өтіп алғыс хаттармен марапатталды

<https://www.facebook.com/share/r/DzkDFXwHYste5A3t/?mibextid=qi2Omg>

«Оқуға құштар жобасы» аясында мектеп фойесінде «буккроссинг» бұрышы ұйымдастырылды. Білім алушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында, әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру, кітапханаға оқырмандарды тарту мақсатында « Буккроссинг-бірге оқимыз» жобасы қазақшаға аударғанда кітап алмасу.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02L8VnDFNkcqQXMLLfTuvHMsVgq8xfzBsWUpMdruniZnFZyLM9BwS75zGN1NBjvSWWl&id=100047158576264&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f

Оқушылар өздерінің оқыған кітабын алып келіп, орнына әкелген кітаптарын бір-бірімен алмасады. Қазақтың Халық Қаһарманы, бір туар тұлғасы, әдебиеттанушы, жазушы Қасым Қайсеновтың туғанына 105 жыл толуына орай «Буктрейлер» 5-8 сыныптар арасында бейнероликтер сайысын ұйымдастыру.

<https://www.facebook.com/share/p/RTHS8fQrEm7MwKvi/?mibextid=WC7FNe>

23-сәуір дүниежүзілік кітап күніне орай «Кітап рухани қазына» атты іс-шара өткізілді. Білімнің кітап арқылы берілетінін, адам өміріндегі маңызы мен ғылым, білімнің пайдасын түсіндіретін құрал екенін айтып өтілді.

4-БАҒЫТ: ҚОЛЖЕТІМДІ БІЛІМ АЛУ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

Мектепте кедергісіз қолжетімділік қамтамасыз етілген: үй-жайға кіру бір жағынан пандустармен және тұтқалармен жабдықталған.

5-БАҒЫТ: БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Ішкі, сыртқы бейнебақылау жүйесі орнатылған.Бейнебақылаукамера саны 16.Мектеп кіре берісінде турникеттер орнатылған. Азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесі жоқ," дабыл түймесі " бар.

« №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің медкабинеті туралы мәлімет

Мектеп ғимаратындағы медициналық пункті 2 бөлмеден тұрады: қабылдау және ем шара бөлмесі. Күнделікті медициналық көмек көрсетуге арналған құрал жабдықтармен және дәрі - дәрмектер жиынымен қажетті мөлшерде жабдықталған. Ем шара бөлмесінде препараттарды (МИБП) сақтау үшін 1 тоңазытқыш қойылған. Медициналық стол, шкаф, кушетка, және жұмыс столы орындықтармен

жабдықталған. Стерильді мақта салынған бикс және 70 % этиль спирті, 1 перекисьводороды ерітіндісі бар. Бір реттік стерильді перчатка, шпательдер, термометр, тонометр қарастырылған. Пайдаланылған заттарды залалсыздандыруға арналған ыдыс бар. Дезинфекция препараттардан «Деохлор» қолданылуда. Қоры жеткілікті. Есептік журнал жүргізілуде. Қол жууға арналған қолжуғыш, бір реттік сүлгілер мен қамтамасыз етілген. Медициналық қызметкерлер 1,5 жүктемеде, кезекті медициналық байқаудан өтіп, жұмысқа арнайы рұқсаты бар. Жұмыс киімдерімен қамтылған. ҚР Денсаулық Сақтау министрінің «Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 7 сәуірдегі №141 бұйрығына сәйкес келеді, медициналық қызметтің лицензиясы бар қалалық поликлиникамен келісім шарты бар. 27.08.2019 жылы медкабинетке лицензия берілген лицензия нөмері №01111646 DX. 09.06.2023 жылда лицензия қайта алынды лицензия нөмері №23013360. Мектепте ай сайын дезинсекция, дератизация, дезинфекция, СНУ жасалынып актілер түзіледі. Құжат қосымша тігілген. Медбике бөлмесінде бір жылжымалы бактерицидті лампа, бір рециркулятор лампасымен қамтылған.

Мектеп асханасының ҚРДСМ-76 бұйрығымен бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық қортындысы бар, білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде жұмыс жасап жатқан тамақтандыру объектісі бар. Тамақтандыру объектісі жалға беріледі. Жалға алушы ИП «Зарина» KZ15722S000002085557, ИИН 000521600993. Илесова Зарина Рустем Қизи, жеке кәсіпкер.

Мектеп асханасы ғимараттың бірінші қабатында орналасқан 60 орындыққа негізделген. Ас блогының құрамында: ыстық тамақты тарату бөлмесі, асхана ыдыстарын жуатын және қажетті арнайы, құрал-жабдықтармен, арнайы киіммен және асхана ыдыс-аяқ аспаптармен қамтамасыз етілген. Қатты және жұмсақ аспаптардың барлығына белгі қойылған. Мектеп асханасында аптасына бес күн 1-4 сынып 290 балаға және арнайы статустағы 5-11 сынып 25 оқушыға 2 лектен 2 аусымға ыстық тамақ беріледі.

6-БАҒЫТ: ТИІМДІ ОҚЫТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 болып тіркелген) (бұдан әрі – №70 бұйрық) бекітілген нормаларына сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлер мен жабдықталуы талапқасай.

Оқу сабақтарына арналған 28 сынып бөлмелері бар. 1 спорт зал, 1 шеберхана (ұлдар, қыздар), 1 асхана, 1 акт залы, 1 кітапхана бар. Әрбір сынып бөлмесінде мұғалім столы, орындық, оқушы парталары орындықтарымен, тақта, 3 сыныпта интерактивті тақта жұмыс жасайды. Физика – 69,6 м², химия – 69,6 м²

биология – 69,6м² , оқу және оқу зертханажабдықтары 3 техникалық оқу құралдарымен қамтылған. 2020 жылы қалалық білім бөлімшесімен онлайн оқыту бойынша, отбасы әлеуметтік жағдайына орай сұранысқа жабықтар /планшет-11, ноутбук-35 данабар,web камера құрғылысымен қамтылды.

Мектепте үш компьютерлік сынып жұмыс жасайды. Онда-телефон гарнитурасы және web камерасы бар жиынтықта интернетке қолжеткізу мүмкіндігі бар дербес компьютер, мұғалім столы, жартылай жұмсақ орындықтар,16оқушы парталары орындықтарымен,тақта,1интерактивті, қамтылған, оқу жабдықтарына арналған шкафтар,61 компьютер,6 проектор бар.

Кітапхана жаңартылған жүйеде жұмыс жасайды Е/кітапхана, кітаптар қоймасы және оқу залы, кітап сөрелерінде оқу,анықтама,көркем әдебиет және басылымдар,интернетке қолжетімді дербес компьютер,оқушы столы, оқырман столдарымен қамтамасыз етілген.

Спорт залы- 154м². Мұғалімдерге, қыздар және ұлдарға арналған бөлмеден тұрады, балалардың оқу спорттық құралдары: обруч,/алюминий/-2,тоғызқұмалақ-4,шашка, шахмат - 5,секіруге арналған планка - 1, гимнастикалық ағашат –2 ,футбол добы-20,баскетболдобы-10,волейболдобы-20, теннис столы-1,арқан-1.

Шеберхана-322,6м² қыздар, ұлдар шеберханасы болып бес бөлме қаралған. Мектепте көркем еңбек пәні бойынша (ағаш өңдеу станоктары) шеберхана сынып бөлмесі ұлдар және (тігін машиналары)тігін қыздар сынып бөлмелері орналасқан. Шеберхана сынып бөлмесінде оқушылар ағаш өңдеу тәсілдері түрлерімен сабақ өтіледі. Қыздар бөлімі тігін машиналары кәсіпке баулу бойынша түрлі материалдармен жұмыс істеу арқылы оқушылардың технологиялық ойлауын көркем эстетикалық талғамын дамытады. Қыздар және ұлдар шеберханаларында мұғалім столы ,орындықтарымен жабдықталған.

Бастауыш сынып – 53,4м² ,бастауыш сынып – 53,4 м² ,

Бастауыш сынып– 53,4м² ,бастауыш сынып– 53,4м² ,

Бастауыш сынып – 53,4м² ,бастауыш сынып – 53,4м² ,

Бастауыш сынып – 53,4м² орыс тілі-58,8 м² АӘД – 65,м² ,

Қазақ тілі– 53,4м² , тарых– 53,4м² , география–53,4м²

Информатика – 53,4м² , физика –69,6м² , биология– 53,4м² ,

Химия–69,6м²,мультимедия -53,4 м² , АІТІ-53,4 м² , Лингофон-53,4 м²

Ғимаратта ҚРДСМ-76 бұйрығына, санитариялық нормаларға сәйкес санитариялық тораптар қолжуғыш 7 дана раковиналар,10дана унитаз орталық кәріз жүйесіне қосылған.

Мектепте 16 бейне бақылау камерасы орнатылған, модульдік ішкі әжетхана орнатылған. Стандартқа қойылатын талаптар 2019 жылғы 23қаңтардағы №32 және ішкі істерминистірінің 2019жылғы 23қаңтардағы №49 бұйрықтарға сәйкестендіру максатында ғимараттың сыртын жарықтандыру және қосымша бейне бақылау камераларын орнату жоспарланған. Мектепауласына 2 дана прожекторлар орнатылды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарүшін кіру жолдары тұтқаларымен,шақыру батырмасы орнатылған.

4,9-сыныптардың білім алушыларының компьютерлік тестілеу нәтижесі

4,9 сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 05.12.2022 жылғы №468 «Білім беру ұйымдарының өзін - өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» бұйрығына сәйкес компьютерлік тестілеуге Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бас маманы байқаушы ретінде қатысқан және өткізілген компьютерлік тестілеудің бейне жазбасы жүргізілді. Ұсынылған бейне жазбаға сәйкес компьютерлік тестілеу ашық және объективті түрде жүргізілді. Мектептің 4-ші сынып оқушыларынан математика, ана-тілі, 9-шы сыныптардан қазақ тілі, математика, қазақстан тарихы, физика, пәндерінен кешенді тестілеу алынды. МЖМБС бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша білім алушылардың даярлық деңгейінің сәйкестігін айқындау үшін өткізілген 4,9-сыныптардың білім алушыларының компьютерлік тестілеу қорытындысы төмендегідей:

Тестілеу күні 10.04.2024 жыл

№	Сынып	Журнал бойынша оқушылар саны	Қатысқан оқушылардың нақты саны	"5" баға алғандары	"4" баға алғандары	"3" баға алғандары	"2" баға алғандары	орташа балл	оңбағалар %
1	4	62	62	6	44	11	1	3,8	62,3%
2	9	82	82		40	42		3,4	59,4%
	4-9	144	144	6	45	178	1	3,6	60,8%

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2021–2022 оқу жылы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5 бабының 14-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейін ішкі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 29 шілде 2021 жылғы №368

бұйрығы және Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2021 жыл 12 тамыздағы №141н/қ бұйрығының негізінде;

Меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан 2021–2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды.

- 2021-2022 оқу жылының басталуы-2021жылғы 1 қыркүйек болып белгіленді.
- Оқу жылының ұзақтығы 1-ші сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда–34оқу аптасы.
Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып,қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күніне ауыстырылды.
- Оқу жылының барысындағы каникулдар:1-11сыныптарда:күзгі каникул–7күн (2021 жылғы 1–7 қараша аралығында), қысқы–11күн (2021 жылғы 30 желтоқсан – 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында),көктемгі –12 күн (2022 жылғы 19 – 30 наурыз аралығында)
- 1сыныптарда:7күн мерзімде (2022 жылғы 7–13 ақпан аралығында)қосымша каникул белгіленді.

2022-2023 оқу жылы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5 бабының 14-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 12тамыздағы 2022 жылғы №363 бұйрығы және Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 25.08.2022 жылғы №270 бұйрығы жәнеТүркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022 жыл 26 тамыздағы №196 н/қ бұйрығының негізінде;

Меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан 2022–2023оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдеріайқындалды.

- 2022-2023 оқу жылының басталу мерзімі 2022 жылғы 1қыркүйек болып белгіленсін;
- Оқу жылының ұзақтығы 1 - сыныптарда - 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда 36 оқуаптасы.
- Оқу жылы барысындағы каникулдар: 1) 1 - 11сыныптарда: күзгі каникул - 7күн (2022 жылғы 31 қазан-6 қарашаны қоса алғанда), қысқы-9күн (2022жылғы 31желтоқсаннан бастап 2023жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі - 9 күн (2023жылғы18-26 наурызды қоса алғанда); 2)1-сыныптарда 7күн мерзімде (2023жылғы6-12ақпанды қосаалғанда) қосымша каникул белгіленеді;

2023–2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023жылғы 29 тамыздағы №01-2-15/5174-И хаты, Түркістан облысы білім басқармасының 2023жылғы 31 тамыздағы №40-01-04/6669 хаты және Түркістан қаласының білім бөлімінің 01.09.2023жылғы №15/01-01/2992 хаты негізінде;

- Оқу жылының ұзақтығы 1-ші сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда–34оқу аптасы.
- 2023жылғы1 қыркүйек – 2024жылғы 25 мамырды қоса алғанда:
- 1-11сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
- 1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – 7 күн (2023 жылғы 300 қазаннан бастап 5 қарашаның қоса алғанда);
- 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);
- 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда қосымша демалыс 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпанаралығында).
- 4-тоқсан–8оқу аптасы.